9. [Электронный ресурс] // Смирнова В.Г. Организационная культура. Социальные сети как средства массовой коммуникации. [https://studme.org/65613/menedzhment/sotsialnye\\_seti\\_sredstva\\_massovoy\\_kommunikatsii](https://studme.org/65613/menedzhment/sotsialnye_seti_sredstva_massovoy_kommunikatsii) (дата обращения: 10.09.2019 г.).

Құшыбек С.Қ.

### **Жергілікті атқарушы органдардағы электронды құжат айналым жүйесінің қалыптасу тарихынан<sup>1\*</sup>**

Әлемдік экономиканың жаһандануы, интеграциялық үдерістерді кеңейту мемлекеттік басқарудың ашықтығы мен тиімділігін арттыру қажеттілігіне алып келеді. Сол себепті де қағаз нұсқадағы құжаттарды электронды тасымалдаушыларда сақтау үрдісі басталып, электронды құжат айналымы қалыптасты. Осы үдерістен Қазақстанның қалыс қалуы мүмкін емес. Сондықтан да республиканың мемлекеттік органдарында электронды құжат айналымы жүйесін енгізу күн тәртібіне шығарылды. Заманауи технология Қазақстандағы электронды құжат айналымы жергілікті атқарушы органдардың жұмысын айтарлықтай жеңілдетуге, құжаттарды іздеу және қалыптастыру уақытын қысқартуға мүмкіндік берді.

Электронды құжат айналымы жүйесін қалыптастыру үшін ең алдымен шет елдік тәжірибемен танысып, зерделеу қажет болды. Осы бағытта Қазақстанда Премьер-Министр Кеңесі Басшылығының тапсырмасымен «Электронды үкімет» бағдарламасы мақсатына сәйкес, 2001 ж. өзге мемлекеттерде электронды құжат айналымы мен электрондық цифрлық қолтаңбаны ендіру, ақпаратты қорғау жайы зерттелді. Литва, Украина, Беларусь және Ресейдің тәжірибелері сарапқа салынды. 2001 ж. 11 қыркүйекте АҚШ-та орын алған жағдайдан кейін архив мамандары электрондық құжаттар архивін

<sup>1\*</sup> Из истории формирования электронного документооборота в местных исполнительных органах.

құрудың халықаралық тәжірибесін, соның ішінде АҚШ тәжірибесін зерттеуге айрықша көңіл бөлді. Американдық мамандардың пікірінше, бұрынғы кеңес жүйесінің партиялық және мемлекеттік архивтері ұйымдық және құрылымдық жағынан ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарына анағұрлым сәйкес болған. Бұрынғы кеңес мемлекеттерінің, оның ішінде Қазақстанның құжаттамамен қамтамасыз ету жүйелеріне талдау жасалды. Талдау қорытындысы бойынша Қазақстанда жасалған жүйе қазіргі заманғы талаптарға сай екені және негізгі параметрлер бойынша ТМД мемлекеттеріндегі мұндай жүйелерден тіпті жоғары екені белгілі болды [1].

Объективті заңдылық бойынша қызметтік құжат айналымы бүкіл әлемде ұлғаю үрдісіне ие: бір құжат екінші, үшінші құжатты туындатады. Қазақстанда мемлекеттік органдарда ендірілген электрондық құжат айналымы бірыңғай жүйеге қосылған. Мұның артықшылығы барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өзара әрекеттесуін жеңілдетіп, жалпы мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруінде. 2001 ж. мемлекеттік органдар бойынша электронды құжат айналымының бірыңғай жүйесі туралы жобаның ҚР Премьер-Министрі И.Н. Тасмағамбетовтің алдында өткізілген бірінші тұсаукесерінде айтылды. Бірыңғай электронды құжат айналымы жүйесін (бұдан әрі БЭҚАЖ – авт.) әзірлеуге байланысты жұмыстар басталып, «Электронды үкіметті» қалыптастырудың мемлекеттік бағдарламасы аясында нақты шаралар қолға алынды. Электронды құжат айналымын ұйымдастырушы болып ҚР Президентінің Әкімшілігі мен ҚР Премьер-Министрінің Кеңесі белгіленді. Бірыңғай электронды құжат айналымы жүйесін жасау жөніндегі жұмыстарды Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттіктің «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ атқарады. Осы жүйеге қосылған мемлекеттік органдардың үш жарым мың қызметкерлері – пайдаланушылары БЭҚАЖ дұрыс пайдалануға үйретілді. Жоғары және орта деңгейдегі 400-ден аса басшылар электрондық цифрлық қолтаңбаны жұмысында пайдалана бастады [2].

Елбасы 2004 ж. 10 қарашада ҚР «Электронды үкіметін» қалыптастыру жөніндегі 2005–2007-жж. арналған Мемлекеттік бағдарламаны бекітті. Үкімет содан бері оның нормативтік құқықтық базасын одан ары толықтыру; бағдарламалық әдістемелерін жасау; электрондық қызмет көрсету жүйесін кеңінен қолдану; ақпараттық теңсіздікті азайту және ақпараттық технология саласындағы білім деңгейін көтеру жөнінде бірқатар шараларды жүзеге асырды. Орталық мемлекеттік органдарда электрондық қызмет көрсету түрлері 360-қа, ал жергілікті органдарда 92-ге жетті, яғни электрондық қызметтің осыншама түрі көрсетілетін болды. Мұның ішінде алдыңғы кезекте атқарылатындары да бар: «электрондық үкімет» инфрақұрылымдарының базалық

компоненттерін қалыптастыру, электрондық-цифрлық қолтанба орталығын қуәландыру, «Жеке тұлға», «Заңды тұлға», «Адрес тіркелімі», «Жылжымайтын мүлік тіркелімі», бірыңғай көліктік орта дерек базаларын қолдану арқылы электрондық архив жасақтау, ведомствоаралық және тұрпатты ведомстволық ақпарат жүйелерін жасау және оны дамыту: бірінші кезекте Электронды құжат айналымының бірыңғай жүйесін іске қосу мәселелері жөнінде де Үкімет тарапынан көптеген жұмыстар атқарылды. 2007 жылы 5 сәуірде мемлекеттік органдарда БЭҚАЖ тұрақты пайдалануға қабылдау аяқталды [3].

2007 ж. бастап мемлекеттік органдарда электронды құжат айналымы жүйесі (бұдан кейін ЭҚАЖ) енгізіліп, айтарлықтай жетістіктерге жетіп келеді. Қазақстанның мемлекеттік органдарында ЭҚАЖ ендіру тәжірибесі ASAR журналының және Delphi Consulting Group зерттеулерінің мәліметтері бойынша, жыл сайын әлемде шамамен 6 млрд құжат дайындалады. 1995 ж. құжаттардың тек 10% ғана цифрлы формада болса, бұл көрсеткіш 2005 ж. 70%-ға өсті. әрине, ақпарат көлемі де ұлғайып, қағаз құжаттарының үлесі екі есеге артты. Соңғы жылдары әлем қағаз құжаттардан электронды құжаттарға көшу жұмыстарын ілгерілетуге ұмтылуда. Электронды құжат айналымы жүйесін ендіру Ұлттық банкте бірнеше кезеңдер бойынша іске асырылды. Ұлттық банктің Орталық аппаратында 2001–2004 жж., оның филиалдарында 2004 ж., облыстық филиалдарында 2006 ж. ЭҚАЖ-нің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қосалқы жүйелер ендірілді. Нәтижесінде 2007 ж. арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес Ұлттық банктің Орталық аппараты мен филиалдары арасында кіріс құжаттар электрондық құжат айналымының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қосалқы жүйе арқылы тіркелетін болды [4]. Ұлттық банкке келіп түсетін барлық құжаттар (саны 40–45 мың) автоматтандырылған ақпараттық «Электрондық құжат айналымы» қосалқы жүйесінде өз функцияларына байланысты тіркеліп, сканерленеді және өңделеді. Шығыс құжаттар да осындай өңдеуден өтеді. Сондай-ақ қызметтік ішкі және сыртқы қатынас хаттарын, нормативтік-құқықтық актілер жобаларын әзірлеу, келісу жөніндегі технологиялық нұсқаулықтарға сәйкес бұл құжаттарды (шамамен саны 20–25 мың) дайындау ісі бүтіндей автоматтандырылған жүйе арқылы жүргізіледі [5].

Бірыңғай электронды құжат айналымы жүйесін ендірудің тиімділігі жағынан, ең бастысы, ұйымда орындау тәртібі жақсарды. Мәселен, электрондық құжат айналымы енгізілгеннен бері орындалмаған құжаттар саны азайып, ол 2001 ж. 4,2%, 2004 – 0,27, 2005 – 0,19% көрсеткішті құрады. 2004 ж. салыстырғанда 2005 ж. саны үш мыңға өскен құжаттарға жұмсалатын қағаздар шығыны азайды. Құжаттардың орындалу мерзімдерін қысқартуға қол жеткізілді. Мысалы, «Қазпошта» арқылы қалаларға бір-екі тәулік,

республика бойынша екі-жеті тәулікте жететін мерзімді электронды әдіс қас-қағымда жеткізіледі. Бұл жалпы құжаттар шығынын азайтуға мүмкіндік берді [6].

Енді жергілікті атқарушы органдардағы ЭҚАЖ және оның тиімділігі туралы мәселеге келетін болсақ, алдымен ЭҚА-ның анықтамасын бергеніміз орынды. Электрондық құжат айналымы – «қағазсыз іс жүргізу» тұжырымдамасын жүзеге асыра отырып, электрондық түрде ұсынылған құжаттармен жұмыс істеу жөніндегі автоматтандырылған процестердің жиынтығы. Құжат айналымы жүйелері қызмет түрлері қанша болса, сонша болуы мүмкін, соның салдарынан құжат айналымының жеке түрлерін автоматтандыратын ақпараттық жүйелер бұқаралық бағыт бойынша дамиды. Электронды құжат айналымы түрлеріне қарай: өндірістік құжат айналымы, басқарушылық құжат айналымы, мұрағат ісі (архивтік құжат айналымы рәсімдерінің жиынтығы), кадрлық құжат айналымы (кадрлық есепке алу рәсімдері), бухгалтерлік құжат айналымы, қоймалық құжат айналымы, құпия және құпия іс жүргізу, техникалық және технологиялық құжат айналымы [7].

Қазақстанда мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымын іске асыруды ақпараттандыру саласындағы өкілетті орган мемлекеттік органдардың ЭҚАБЖ құру жолымен жүзеге асырады.

ЭҚАБЖ жергілікті атқарушы органдарда енгізу – бұл қызметкерлердің іс жүргізуге жұмсалған уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді. Нақты белгіленген істер номенклатурасы бар кіріс, шығыс және ішкі құжаттарды есепке алудың бірыңғай электронды журналы пайда болады. Электронды құжат айналымы құжатты келіскен пайдаланушыларды белгілеп қана қоймай, сонымен қатар әр бөлім ішінде шексіз тіркеу қажеттілігін тудырмайды. Басшы құжаттың барлық жолын, құжаттың келіп түскен уақытынан және тіркеуден бастап, орындалған жұмыс туралы орындаушының есебімен аяқтай отырып, қадағалауға мүмкіндік береді.

Жергілікті атқарушы органдардағы электронды құжат айналымын жүргізуден болатын нәтиже – бұл бірінші кезекте құжат айналымына қатысатын бөлімшелердің нақты иерархиясын құру, олардың жұмысының ашықтығы есебінен ұйым жұмысының сапасын арттыру. Екіншіден, қағазды тұтынудың төмендеуіне байланысты қаржылық және еңбек ресурстарын үнемдеу, қызметкерлердің уақытын неғұрлым талап етілетін және қажетті жұмыстарға қайта бөлу болып табылады.

Жергілікті атқарушы органдарда іс жүргізудің негізгі міндеттерінің бірі құжаттардың нақты уақыт ауқымында қозғалысының орталықтандырылған мониторингі болып табылады. Құжаттың кез келген орнын ауыстыру немесе оның үстінен іс жүргізу қызметі құжаттың тіркеу карточкасына тиісті жазба енгізу арқылы тіркейді.

Тіркеу карточкасының көмегімен құжаттың орындалуын бақылау жүзеге асырылады, оның нақты уақыты көрсетіліп тұрады. Қазіргі кезде дәстүрлі құжат айналымы көлемін қысқарту сияқты күрделі басқарушылық проблемалар шешіліп, барлық қызметкерлер және басшылар электронды түрде құжат жүргізеді. Жергілікті атқарушы органдардағы іс жүргізудің келесі ерекшеліктерін атап өтуге болады:

– сыртқы ұйымдар мен азаматтар тарапынан басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс істеу сапасына қойылатын жоғары талаптармен ұштасқан басқарушылық құжат айналымының үлкен көлемі;

– құжат қозғалысының айқын көрінген ашықтық сипаты;  
– ережелер мен бекітілген регламенттер құжаттардың уақытылы орындалуын және жұмыс барысын оңтайландыруы;

– ұйымдық құрылымның күрделілігі, оның аумақтық бөлінуі.

– құжаттың заңдық күшін қамтамасыз ету қажеттілігі;

– органдардың өзара іс-қимылын жүзеге асырудың берік қалыптасқан тәжірибесі;

– мемлекеттік органдарда басқаруды тек қағаз құжат айналымы негізінде жүзеге асыру болып табылады.

Мемлекеттік билік органдары, статистика көрсетіп отырғандай, өзінің функционалдық қызметін автоматтандыру және электронды құжат айналымы жүйесін енгізу барысында тұрақты жетекші орынға ие. Бұл үрдіс жақын арада да сақталады.

Осылайша жергілікті атқарушы органдарда электронды құжат айналымы жүйесі қалыптасуының үдерістеріне тоқталдық. Бұл жүйенің жаһандану жағдайында кең қанат жайғандығына көз жеткіздік. Технотронды дәуірде электронды құжаттар және құжат айналымы мемлекетті басқарудың тиімді құралдарының біріне айналууда. Бұл үдерістен Қазақстанның тыс қалуы мүмкін емес. Әлемнің отыз елінің қатарына енуді нысанаға алған Қазақстанда мемлекет, соның ішінде атқарушы органдардың қызметінде ЭҚАЖ қажет және оны дамытудың маңызы күннен күнге артып келеді.

*Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі:*

1. Ысқақ А. С. Қазақстанда іс жүргізу және құжаттану: тарихы мен зерттеу әдістері (XIX ғ. XXI ғ. басы) – 2011. – URL: <http://kk.convdocs.org/> (қаралған күні: 29.10.2019).

2. Слободянуқ А. Электронды құжат айналымының бірыңғай жүйесін ендіру туралы // Қазақстанда іс қағаздарын жүргізу. Делопроизводство в Казахстане. – № 4 (4). – 2007. – С.7–11.

3. Жақыпов М. Ертеңге құлаш жайған электронды құжат. // Егемен Қазақстан. – № 2017. – 2014.

4. Аналитическая справка по проекту «Создание Единой системы электронного документооборота государственных органов Республики

Казахстан» по теме «Перспективы дальнейшего развития электронного документооборота в Республике Казахстан». – Астана, 2004. – 119 с.

5. Жакыпов М. Электронды құжат айналымынан «электронды үкіметке» дейін. //Қазақстанда іс қағаздарын жүргізу. Делопроизводство в Казахстане. – № 1(1). – 2007. – С.5–20.

6. Жакыпов М. Информатизация в сфере контрольной деятельности государственных органов РК. // Құжат айналымы мәселелері. Вопросы документооборота. – № 12. – 2010. – С. 61–64.

7. Электронный документооборот. [Электронды ресурс]. – 2010. - URL: <<http://www.docflow.ru/>> (қаралған күні: 27.10.2019).

## АРХИВТІК ТӘЖІРИБЕЛЕР: ЖИНАҚТАУ, ЕСЕП ЖҮРГІЗУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ

Жүгенбаева Г.С.

### Архив құжаттарына сараптама жасаудың тарихи-деректанулық мәселелері<sup>1\*</sup>

Отандық архивтанудың ғылыми тұрғыдан дамуы мен қалыптасуы мәселелері өз өзектілігін сақтап келеді [1]. Архивтанудың ғылыми бағытын қарқынды өркендету еліміздің алдына қойған мақсаттарымен де үндеседі. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың өткен жылдың соңына қарай жариялаған «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында [2] «Архив – 2025» атты бағдарламалық іс-шараның теориялық-методологиялық және қолданбалық тұрғыдағы маңызын айқындап, бағыт-бағдар беруі осы саланың болашағы мен қазіргі дамуына қажетті тетіктер мен мемлекеттік деңгейде мән беру болып саналады.

Архив құжаттарының жинақталуы, сақталуы және оларға сараптама жасау мәселелері осы бағыттағы жұмыстардың еншісінде. Қазақстандық архивтанудың заманауи теориялық мәселелері қатарына жататын архив құжаттарының құндылығын бағалау айрықша назар аударуды талап етеді. Бұл мәселенің өзіне тән әдістері мен критерийлері, принциптері туралы сұрақтары көкейкестілігімен қатар, олардың Ұлттық архив қоры құрамына енгізілуі әлі де ерекше қолдауға зәру десек артық айтқандық болмайды.

Дамуы жетілдіруді қажет ететін саланың ғылыми-зерттеу жұмыстарында бұл сұрақтар жан-жақты ізденістерді қажет еткен күйінде қалып келеді. Сонымен қатар еліміздің архив саласы құжаттарды мемлекеттік сақтауға құндылығын бағалау мен іріктеу, терминологиясы, олардың ұғымы мен мәнісін ашатын түсінік-ұғымдарын жетілдіру, практикалық жұмыстарда дұрыс қолдана білу мәселелерінің теориясы туралы зерттеулерге мұқтаждығын танытып отыр.

Бұл мәселеге қатысты шетелдік, әсіресе ортақ ақпараттар алмасу мүмкіндігіне қарай қолжетімділігімен ыңғайлы ресейлік архивтану ғылымындағы еңбектер, зерттеулер мен әдістемелік құралдар біршама аталған мәселенің дұрыс жолға қойылуына әсер ете алады. Ол жұмыстарды іріктеп, сұрыптау және архив саласының қажеттілігіне қарай тиімді пайдалана білудің теориясы мен әдістемесін жасау жұмыстары еліміздің архивтанушы ғалымдарының атсалысуын қажет ететінін де айтуымыз керек. Аталған сұрақтарға қатысты отандық архивтанушылардың, тарихшылардың жұмыстары баяу дамып келеді.

Архив саласындағы ғылыми-зерттеу еңбектер мен әдебиеттерге

<sup>1\*</sup> Историко-источниковедческие вопросы (проблемы) экспертизы архивных документов.



қысқаша тарихнамалық шолу аталған мәселенің зерттелуінің хронологиясы бойынша нақтылы ғылыми шешімдерін айқындауға мүмкіндік береді:

1. 1918–1957 жж. (құжаттарды бағалаудың басты белгілерін жүйелеу);

2. 1958–1960 жж. соңы (критерийлерді нақтылау мен толықтырудың негізгі бағыттарын айқындаған кеңестік архивтанушы ғалым К.Г. Митяев ұсыныстарының қолдауға ие болуын көрсететін жұмыстар);

1) 1970–1990 ж. басы (құжаттар құндылығын бағалаудағы критерийлердің басты үш тобын жүйелеу: шығу тегі, мазмұны және сыртқы ерекшеліктері бойынша);

2) 1990 ж. соңы және бүгінгі күнге дейін (құжаттарды бағалаудың критерийлері мен принциптерін толықтыру, қайтадан қарау әрекеттері байқалуы) [3, 120–130-б.]

Ресей империясы тұсында және кеңестік биліктің алғашқы жылдарында (1918–1920 жж.) бұл мәселе бойынша ақпараттар алмасу, тәжірибелер, ұсыныстар жүргізу өте әлсіз қалыптасты, көбінесе архив құжаттарының қайталануының мәселелері және архив қоймаларын дублет, көшірме және құндылығы төмен құжаттардан тазалау туралы ғана ұсыныстар айтылумен шектелді. Архив саласына арналған бірыңғай бағалау жұмыстарын жүргізу критерийлері қалыптасқан жоқ.

1920 жж. сараптау критерийлері жүйелене бастады және екі әдісі дамыды – тікелей бағалау және құжаттардың тізімдемесі бойынша бағалау. 1950 ж. соңы мен 1960 ж. басында сараптауды жүргізудің ұйымдастыру-методикалық формаларының өзгерістері жетіліп, ол құжаттарды барынша сақтау деген ұстанымға негізделді. 1960 – 1970 жж. қайталанбалы ақпараттары бар құжаттардың құндылығын сараптау мәселелеріне көңіл бөлінді.

Үшінші кезең архив құжаттарының құндылығын сараптаудың критерийлері мен принциптерінің қалыптасқан әдіс-тәсілдерін қорытумен қатар сыни талдау жұмыстарына арналған зерттеулермен сипатталды.

Төртінші кезең қоғамдық қатынастардың өзгерістері мен нарықтық экономика жағдайында архив құжаттарына деген қатынас және идеологиялық-саяси сараптау критерийлерінің өзгеріске ұшырауына байланысты жаңа принциптерін, критерийлерін, әдістерін іздеу, іздену жұмыстарымен ерекшеленді.

Алыс шетелдік архивтанудың бұл бағыттағы ізденістеріне Ұлыбритания ұлттық архиві (The National Archives (UK), Best practice guide to appraising and selecting records for The National Archives [3, 110-б.] дайындаған құжаттарды іріктеу мен сараптаудың жөнсілтері назар аудартады. Мұнда негізгі назарға алынатын мәселелерге:

Ел мен дүние жүзіне әсер ететін үкіметтің негізгі саяси шешімі мен іс-әрекеті;

Дамуға арналған негізгі және қосалқы заңнамалар;

Заңнамалардың орындалуының басты құжаттары, мекеменің негізгі қызметін орындауға әсер ететін, шешім қабылдайтын құжаттар;

Жобалар бойынша құжаттар (құны, тәуекелділігі және әсері бойынша маңызды инновациялық құжаттар);

Үкіметтік органдардың веб-сайттары;

Үкімет пен қоршаған ортаның өзара әрекеттесуі;

Министрлер кабинеті хатшылығының ресми оқиғалары үшін қажетті, сілтемелік құжаттар [3,114-б.].

Шетел архивтанушы ғалымдарының теориялық ізденістері маңызды болып табылады. Сонымен қоса, құжаттарды бағалаудың әдістері, принциптері мен критерийлері өз ерекшеліктерімен қатар, отандық архивтанудан өзгеше, мұнда барынша субъективтілік сақталып, маманданған архивтанушыларға ғана арналғандығы байқалады.

Құжаттарды архивтерде сақтау ең алдымен құжаттың құндылығын бағалаудан тұрады [4–5]. Ол – құжаттың тікелей өзіндегі ақпаратты айқындаудың тарихи ретроспекциясы мен социомәдени преспекциясын анықтауға басымдық беру екендігі түсінікті.

Архив құжаттарының құндылығын бағалаудың қажеттілігі олардағы ақпараттық деректіліктің әр түрлілігі, соның негізінде құжаттарды пайдаланудың сақталуы ұзақтығы мен сақталуы мүмкіндігін айқындауға жол ашу [7, 89-б.]. Құндылығын сараптау құжатты зерттеу үрдісінде оны бағалаудың принциптері, критерийлері және методтарын айқындау, соның негізінде ғана ҚР Ұлттық архив қорының толықтырылуы мен қалыптасуына қажетті құжаттармен қамтамасыз ету жұмыстарын орындауды жүзеге асырады. Құжаттардың құндылығын сараптау мынадай мәселелерді қамтиды:

Құжаттың өзінің маңызын сақтау деңгейін анықтау;

Құжаттардың аз көлемділігінде архив мәліметтерінің құрамы мен көлемі деңгейін айқындау;

Құжаттардың құндылығын бағалау үрдісіндегі ескеретін талаптарды айқындау;

Құжат қандай көлемде мемлекеттің, қоғамның сұраныстарын қамтамасыз ете алады. Әсіресе мемлекет үшін қандай да бір күрделі төтенше «соғыс жағдайы» кезеңдерде оң ықпал етеін құжаттар кешенін анықтау маңызды;

Құжаттардың сақталу мерзімін айқындау (тұрақты, ұзақ мерзімге, уақытша, қысқа уақытқа).

Мемлекеттік сақтауға арналған ғылыми маңызы бар құжаттарды іріктеу, табу және анықтамалық маңызға ие құжаттарды айқындау;

Құжаттардың сақталуының деңгейін айқындау және архив құжаттары қорларын егер жоғалған жағдайда толықтыру арқылы бүтіндігін қамтамасыз ету.

Құжаттарды бағалаудың қазіргі теориясы оның құндылығын сараптаумен тығыз байланысты. Ол өз кезегінде мәселенің басты ғылыми негізі болып табылады [9, 242-б.].

Қазіргі таңда архивте заманауи тұрғыдағы құжаттарды бағалау сараптамасы нормативтік-әдістемелік әдістемелер, тізбелер, іс номенклатурасы, классификаторлар негізінде анықталады [10, 43-б.].

Құжаттардың құндылығын бағалау нәтижесі мемлекеттік және ведомстволық архивтердің қор кешеніне кіреді. Осы жұмыстың негізінде ғана архив қорлары қалыптасады, сөйтіп еліміздің ұлттық архив қоры кешенін толықтырады.

Архив құжаттарының құндылығын сараптау дегеніміз, жоғарыда жүйелегеніміздей, құжаттарды белгілі бір нақтылы критерийлер бойынша зерттеп талдау нәтижесінде олардың сақталу мерзімін айқындау, сөйтіп ҚР Ұлттық архив қорына құрамына енгізу деген ұғымды білдіреді [2].

Сан мыңдаған құжаттардың арасынан тек белгілі бір көлемі ғана мемлекеттік сақтауға түседі. Мәселен, ХХ ғ. басына дейін Ресейде құжаттардың тек 10–12 пайызы ғана құнды құжаттама ретінде айқындалған. 1–5 пайызы ғана мемлекеттік емес мекемелердің құжаттары құнды болып табылды [7, 48-б.].

Құжаттардың құндылығын сараптауды қысқаша сипаттаған орынды: Іс қағаздарындағы құжаттардың құндылығына сараптама жасау іс номенклатурасындағы құжаттарды жасау, оларды қалыптастыру кезінде жүргізіледі. Құжаттардың құндылығына сараптама жасауды, оларды мемлекеттік сақтауға беруге іріктеуді және дайындауды ұйымдастырып, жүргізу үшін, сондай-ақ құжаттардың әртүрлі істерге жатқызылуының дұрыстығын бақылау және әдістемелік көмек беру үшін тұрақты жұмыс істейтін сараптау комиссиясы құрылады. Оның ережесі жасалып, онда комиссияның қызметі, құқықтары мен жұмыс тәртібі анықталады.

Енді осында келтірілген жәйттерді былайша нақтылап көрсетейік.

1. Құжаттар қашан архивке тапсыруға дайындалады?

Орындалған құжаттарды архивке сақтауға дайындау іс қағаздарын жүргізу процесінің қорытынды кезеңіне қатысты. Құжаттарды архивке сақтауға немесе жою жұмыстарына іріктеу іс қағаздарын жүргізу жылы аяқталғаннан кейін жыл сайын жүргізіледі.

2. Сақтау мерзімін кім және қандай нормативтік актінің негізінде анықтайды?

Құжаттарды архивке өткізуге жіберудің алғашқы кезеңі оларды сақтау мерзімін анықтаудан тұрады, ол құжаттың ғылыми және тәжірибелік құндылығын сараптау барысында анықталады [7, 39–48-б.].

Құжаттардың ғылыми және тәжірибелік құндылығын сараптауды мекеменің басшысы тағайындаған арнайы сараптау комиссиясы

жүргізеді. Комиссияның мақсаты – құжаттарды сақтауға іріктеп алу және сақтау мерзімдерін белгілеу, сондай-ақ ғылыми-тарихи құндылығы жоқ және тәжірибелік маңызын жоғалтқан құжаттарды жоюға іріктеп алу. Комиссияның құрамына құрылымдық бөлімшенің іс жүргізу қызметінің және архивтің білікті мамандары кіреді.

Сараптау комиссиясының негізгі басшылыққа алатын құжаты сақтау мерзімдері көрсетілген құжаттар тізбесі. Құжаттар тізбесі – ұйымның, кәсіпорынның және мекемелердің құжаттарының жүйеленген тізімдері, құжаттарды сақтау мерзімдері туралы нормативтік нұсқауы екені белгілі. Құжаттар тізбесі өз кезегінде типтік және ведомстволық болып жіктеледі.

Архив қорындағы құжаттардың құндылығын бағалауда маңызды міндеттер бар. Жалпы, мекемедегі құжаттардың құндылығына байланысты бағалау жұмыстарын сипаттауға болады: атап айтқанда, құжаттарды мемлекеттік және ведомстволық архивтерге дайындау, сақтау, өткізу жұмыстарын жолға қою; құжаттардың нақты сақталу мерзімін анықтау; аса маңызды тарихи мәліметтік сипаты бар құжаттарды сақтауға сұрыптау. Бұлардың қай-қайсысы да аса маңызды жұмыстар болып табылады, мұнда әрбір құжаттың тағдыры және әрбір архив қорының рөлі анықталады. Тұрақты сақтауға айқындалған құжаттардың бағалануы белгілі болған соң олардың ұзақ мерзімдік сақталуы және қысқа мерзімді сақталуы мәселесі талданады. Әдетте, құжаттардың ұзақ мерзімділігіне қатысты 10 жылдан жоғары, ал жеке құрамдағы құжаттарға қойылатын мерзім 75 жыл [10].

Іс қағаздарын жүргізу процесінің соңғы сатысы құжаттарды сақтауға және пайдалануға әзірлеуден тұрады. Қолданысқа енгізетін құжаттарды жүйелеу мен сақтаудың басты мақсаты – ҚР Ұлттық архив қорын толықтыруға және оны анықтамалық жұмысында пайдалану үшін жағдай жасау. Архив құжаттарын сақтау барысында ерекше бірегей құнды құжаттар туралы терең жан-жақты жұмыстар жүргізіледі.

Архив тәжірибесінде кеңінен қолданылатын құжаттарды сақтаудың өзіндік талаптары көрсетілген. Құжаттардың барлығы маңызды ақпаратқа ие болғанына қарамастан, олардың арасында аса құнды қайталанбайтын, бірегей сипатқа ие деректемелік маңызды ақпарат сақтаған түрлері кездеседі. Оларды есепке алу, сақтау және пайдалану туралы арнайы заңмен бекітілген талаппен қоса, құжаттардың төмендегідей бірегейлік критерийлері бар [2, 93–98-б.].

Мұнда құжаттың барынша көнелігі, оның түпнұсқалылығы, тарихи-мәдени маңыздылығы, оның жариялылығы, материалдық құндылығы, тарихи оқиға мен тарихи тұлғаға қатысы, заңдық маңызы, құжаттың көркемдік және безендірілу ерекшелігі туралы сипаттарына баса мән беріледі. Архив құжаттарының құндылығын

бағалауда жұмыс кешені аса маңызды сипат алады. Бұл өзінше ғылыми сараптамалық жұмыс ретінде көрініс табады. Ол туралы терең білу ғылыми әдістемелік дәлдікті қажет етеді және кәсіби тұрғыдағы жауапкершілікті міндеттейді.

Құжаттардың құндылығын бағалау критерийлері нақтылы ғылыми негізделген жұмыс кешені болып табылады. Барлық критерийлер үш үлкен топқа бөлінеді.

Құжаттың шығу тегі критерийі;

Құжаттың мазмұны критерийі;

Құжаттың сыртқы ерекшеліктері критерийі.

Міне осындай сипаттары арқылы құжаттарды бағалау жұмыстары жүргізіледі. Архив құжаттарын сақтау барысында ерекше бірегей құнды құжаттар туралы терең жан-жақты жұмыстар жүргізіледі. Ол құжаттардың бірегейлігін, қайталанбайтын маңызды сипатын бірнеше критерийлер бойынша анықтайды. Бұл жұмыс кешенді жүргізіледі. Оған мекеме архивтерінің құжат айналымындағы құжаттары және тарихи құжаттар тізбесі сүзгіден өтеді. Олардың құндылығын, тарихи ғылыми және құқықтық маңызын сараптау комиссиялары нақтылы еліміздің заңдары бойынша және тұрпатты ережелер мен нұсқаулықтарға сүйене анықтайды.

Тарихи, мемлекеттік маңызға ие құжаттарды сақтау, олардың сақтандыру қорын жасау бұл бағыттағы аса зор мәселелер кешенін құрайды [2, 98-б.]. Тәуелсіздік кезеңінен бері архив саласына, қазақ тарихының өткеніне қатысты тарихи құндылыққа ие құжаттарды іздеп, табу, сақтау және пайдалануды ұйымдастыру елімізде тұрақты түрде дамып, жолға қойылып келеді. Соның нәтижесінде кеңестік кезеңдегі тарихымыздың «ақтаңдақ» беттері архивтік құжаттардың негізінде анықталып, танымдық, қоғамдық, ғылыми маңызға ие болды. Қазақстан тарихының XX ғ. өзекті мәселелері, тарихымыздың күрделі бетбұрысты тұстары осы архив құжаттарын бағалау мен құндылығын ғылыми негіздеу нәтижесінде өз бағасын алды [11].

Алаш қозғалысының мол құжаттық деректемелері архив қорларында сақталуы және олардың өткен ғасырдың 90-жылдарының басынан ғылыми айналымға енгізілуі ең алдымен архив жұмысының құжаттардың құндылығын бағалау мен сараптаудағы шараларының нәтижесі [12]. Аталған тарихи кезеңнің құжаттары Ресей, Өзбекстан архивтерінде сақталуы [13], елімізде негізінен олардың көшірмелері топтама түрінде ғана жинақталуы бұл іске айтарлықтай күрделі қатынасты туғызды.

Қоғамдағы жаппай тарихи сананың жаңғыруы, тарихымызға деген құрмет пен сабақтың орын алуы, азаматтық қоғамның құндылықтары өз кезегінде архив құжаттарын «құпия қорлардан» шығаруға септігін тигізді. Соның арқасында тұтас қозғалыстың бай тарихы туралы

деректемелердің мол шоғырын сақтаған архив құжаттары екендігі анықталды [14, 28–32-б.]. Бұл істің жүзеге асуындағы нәтиже – қазақ зиялыларының өз халқының тарихи тағдыры мен тәуелсіздігі үшін күресінің кезеңін айқындайтын құжаттардың ғылыми айналымға енгізілуі болды [13]. Архив құжаттарының құндылығын бағалаудағы тарихи, саяси, мемлекеттік және қоғамдық сипатына ерекше мән берудің зор маңызға ие екендігі осындай жәйттермен де терең анықталады.

Архив құжаттарының құндылығын бағалаудың архивтанулық теориялық-әдіснамалық және әдістемелік жұмыстарымен қатар, ғылыми танымға қосатын зор үлесін де еңсеру басты міндетіміз болып саналады.

*Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі:*

1. ҚР ҒБМ ҒК гранттық жобасы. // АР 05135746. Совершенствование методов архивного хранения документов в условиях информатизации: внедрение международного опыта в государственные архивы Казахстана. 2018–2020.
2. Назарбаев Н.Ә. Ұлы даланың жеті қыры. // <http://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysynun-uly-dalanyn-zheti-kyru-atty-makalasy> [электрондық ресурс] [қаралған уақыты 29 қазан 2019 ж.].
3. Организация архивного дела в Казахстане: практики, проблемы, инновации. – А.: Қазақ университеті, 2019. – 366 с.
4. Жукова М.П., Пучко Н.А., Усанова О.В. Экспертиза ценности управленческих документов и комплектование ими государственных архивов (теория и методика). – М.: ВНИИДАД, 2007. – 224 с.
5. Кузнецова Т.В. Как провести экспертизу ценности документов и установить сроки их хранения. // Жилищное право. – 2006. – № 2.
6. Организация экспертизы ценности документов. // Справочник кадровика. – 2006. – № 1.
7. Бурова Е.М., Алексеева Е.В., Афанасьева Л.П., Родионова А.Е. Организация архивной и справочно-информационной работы по документам организации. – М.: Академия, 2016. – 400 с.
8. Бурова Е.М., Алексеева Е.В., Афанасьева Л.П. Архивоведение (теория и методика). – М.: 2012. – 420 с.
9. Гедрович Ф.А. Новые национальные стандарты на создание и хранение страховых копий уникальных и особо ценных документов Архивного фонда РФ. // Отечественные архивы (Москва). – 2010. – № 1. – С.18–20.
10. Сабденова Г.Е. Мұрағаттану. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 110 б.
11. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 240 б.
12. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ғылым, 1995. – 280 б.
13. Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш. – М.: Россия молодая, 1994. – 140 с.
14. Жүгенбаева Г. Мұхамеджан Тынышбаевтың өмірі мен қызметі. – Алматы: Бастау, 2000. – 220 б.

Сексенбаева Г.А.

## **Нормативная правовая и методическая база деятельности аудиовизуальных архивов<sup>1\*</sup>**

Архивы – это духовно значимая категория, посредством которых проявляется отношение общества к документальной истории как достоянию нации, наследию и завещанию современному миру. Через создание и развитие архивов осуществляется запоминание и сохранение опытно-познавательных проявлений духовного и материального мира общества, коммуникативная связь поколений. Особенности появления разных типов архивов с их видовой дифференциацией, которые определяют специальные методы и приемы работы с ретроспективной информацией, позволяют выделить их нормативно-правовое функционирование.

Проведение архивной реформы в республике и реализация её задач началась после издания декрета новой власти «О реорганизации и централизации архивного дела в РСФСР» от 1 июня 1918 г. Декрет ввел централизованное управление архивным делом всей советской страны, и казахстанские органы являлись частью созданной иерархической архивной службы. Кроме того, этим документом в законодательном порядке в Единый государственный архивный фонд страны объединялась вся созданная документация в прошлом и настоящем. В результате полной концентрации архивов, огромная масса документов казахстанских хранилищ вошла в состав Государственного архивного фонда сначала РСФСР, а затем и СССР. Реализация задач по сохранению документального богатства страны, предусматривала также и накопление источников на новых материальных носителях, возникших в обществе с развитием науки и техники – кинофотофонодокументов.

Необходимость выявления и комплектования архивов кинофотодокументами относится ещё к 20 гг. XX столетия. В фонде ЦГА РК сохранилось обращение Управления архивных дел КАССР от 6 июня 1921 г. к государственным учреждениям, общественным организациям и гражданам о сборе и передаче фотографических снимков участников революционного движения, снимков съездов, процессов, демонстраций и др., запечатлевших важнейшие события того периода [1]. Уже на I Всероссийской конференции архивных деятелей<sup>2\*</sup>, г. Москва ставится вопрос о создании особых хранилищ для «фотографического материала и кинематографических лент, долженствующих дать полное представление о том или ином моменте современной эпохи», которые «очень ценны как живая иллюстрация эпохи».

---

<sup>1\*</sup> Аудиовизуалды архивтердің қызметінің нормативтік құқықтық және әдістемелік базасы.

<sup>2\*</sup> 29 сентября – 3 октября 1921 г.

Непосредственное отношение к сбору и хранению кинофото документов имеют правительственные акты советской власти: декреты СНК РСФСР от 27 августа 1919 г. «О переходе фотографической и кинематографической торговли и промышленности в ведение Народного комиссариата просвещения», от 4 февраля 1926 г. «О передаче Центральному архиву РСФСР негативов фотоснимков и кинофильмов, имеющих историко-революционный интерес». Выход постановления определило создание в 1920 гг. ряда нормативных актов по вопросам оценки и отбора кинофото документов на государственное хранение [2].

Так, инструкция по применению вышеуказанного постановления обязала передачу в архивы фотоснимков и кинофильмов, которые имеются у всех держателей этих документов. В архивы должны были поступать «фото – и кинонегативы, запечатлевшие действительные события и деятелей общественно-политической мысли» [3]. Следующим документом, регулирующим процессы отбора кинофото документов, была инструкция от 5 августа 1926 г., который определил перечень кинофотосъемок, имеющих историко-революционный интерес и подлежащих государственному хранению. В этих же документах определялось комплектность, наличие сопроводительной документации (монтажные листы, описи киносъемок, текстовки к фото документам) и основные приемы описания кинофото документов. В свою очередь за учреждениями закреплялись охранительные функции за создаваемыми кинофото документами до передачи их государственным архивным органам.

Технология оценки и отбора кинофото документов на государственное хранение совершенствовалась и в последующие годы. Так, в июле 1927 г. была издана «Инструкция Централархива РСФСР местным архивным органам о порядке собирания печатных иллюстративных материалов к 10-летию Октябрьской революции, о порядке использования этих материалов на выставках музеев революции» [4].

Немаловажное значение имело и то, что к этому времени кинофото документы рассматривались властями не только массовым культурно-просветительным средством, но и мощным политическим и идеологическим арсеналом. Практически на протяжении многих десятилетий хранящиеся в архивах документы использовались именно в этом качестве.

Интенсивный сбор фото документов (первоначально) в Казахстане начинается после выхода постановления ЦИК и СНК КАССР от 8 сентября 1928 г. «О сдаче Казахскому Центральному архиву печатных и иллюстративных материалов, негативов фотоснимков и кинофильмов, имеющих историко-революционный интерес, а также архивов



бывших ханов, султанов, активных деятелей и сторонников бывшего правительства Алаш-Орды и других архивных материалов» [5].

Согласно «Положению о Центральном архивном управлении КАССР» от 2 декабря 1930 г. негативы (в случае утраты – заменяющие их позитивы) фотоснимков и кинофильмы за дореволюционный и советские периоды вошли в состав Государственного архивного фонда РСФСР. Казахский же архивный фонд оставался его частью.

Первоначально комплектованием и консервацией этих документов занимался Центральный архив Октябрьской революции КазССР.

Постановлением СНК Казахской ССР от 27 января 1943 г. в г. Алма-Ате был организован Центральный государственный архив фонофотокинодокументов [6]. Помимо государственно-политического и идеологического контекста, создание подобного архива было связано с возрастанием интереса общества к истории, отраженного в аудиовизуальных источниках, сохранению и накоплению национального опыта социально-экономической и культурной практики. Отметим, что в советский период деятельность архивной сферы страны управлялось общесоюзным архивным органом (Центрархив РСФСР – Центральное архивное управление СССР – Главное архивное управление при СМ СССР), нормативные акты которого были обязательны для низового звена. Разработка научных и методических проблем архивоведения кинофотофонодокументов оставалась за Центральным государственным архивом кинофотофонодокументов СССР (1926 г.) и Центральным архивом звукозаписей СССР (1932 г.). Централизованное управление архивной сферой предполагало обязательность внедрения в практику всеми архивами положений нормативных актов, разрабатываемых сверху. Подобная система существовала неизменной в течение многих десятилетий, и поэтому акцент сделан на анализе нормативно-методических документов, исходящих от общесоюзных учреждений, в которых изложены единые для всего архивного фонда СССР принципы и методы оценки аудиовизуальных документов.

Нормативные акты 1920–1930-х гг. определили методику работы с кинофотодокументами и действовали вплоть до утверждения в 1941 г. Положения о Государственном архивном фонде СССР, согласно которому и в нашей республике был организован Центральный архив кинофотофонодокументов. Директивными документами, оказавшими влияние на разработку последующих нормативов стали Положения о Государственном архивном фонде СССР 1941, 1958, 1980 годов. Согласно им аудиовизуальные документы, имеющие политическое, историческое, культурное, художественное и иное значение, независимо от времени и места их происхождения, содержания, техники и способа производства (в том числе не допущенные к прокату или законсервированные производством) вошли в состав государственного фонда.

К началу 1940 г. возросли не только объемы кинофотоинформации, но и значительно модернизировалась техника их исполнения: появились узкоплечные фотоаппараты, звуковое кино. Эти изменения усилили не только техническую, информационную сторону кинофотодокументов, но и повлияли на решение проблем оценки и отбора источников отдельно по видам. В 1944 г. были разработаны и внедрены в практику архивов «Инструкция о порядке учета и хранения фотодокументов в учреждениях, предприятиях и организациях Союза ССР», которая определила состав фотодокументов, представляющих интерес для государственных архивов [7].

Аналогичная инструкция 1955 г. расширила круг вопросов, связанных с учетом, хранением и использованием фотодокументов в ведомственных архивах. В большинстве методических разработок и инструкции по проблемам оценки аудиовизуальных документов, вышедших в 1930–1950-е гг., основное внимание уделялось категории документов, не подлежащих хранению, при этом теоретическое обоснование принципов и критериев экспертизы ценности оставалось расплывчатым. В качестве основного принципа оценки документов выдвигался индивидуальный подход с выяснением исторической обстановки, в которой они были созданы, и значения события, отображенного в кинофотодокументах.

В последующих нормативных документах практика работы с аудиовизуальными источниками нашла дальнейшее развитие и детализацию. В «Инструкции по научно-технической обработке и каталогизации фотодокументов в государственных архивах» (1957 г.) при оценке документов акцент делался на источниковедческий анализ фотодокументов. В инструкции 1967 г. «О порядке отбора и передачи на государственное хранение кинофотоматериалов и звукозаписей, образующихся в деятельности Комитета по радиовещанию и телевидению при Совете Министров СССР и его органах» определялся 5-летний срок их хранения в ведомственных архивах и перечислялись кинофотофонодокументы, подлежащие передаче на государственное хранение [8].

К этому времени в архивах в основном концентрировались фотодокументы и огромный массив фотоинформации, отражающие одни и те же события и факты, привели к необходимости разработки усовершенствованных методических рекомендаций по их оценке и отбору на государственное хранение. «Рабочая инструкция о порядке отбора, приема и учета фотодокументов, поступающих в ЦГА КФД СССР, и передачи их в фотоотдел» (1971 г.), «Методические рекомендации по отбору фотодокументов на государственное хранение и комплектование ими государственных архивов» (Главархив СССР и ЦГА КФД СССР, 1977 г.) подробно регламентировали процессы оценки и отбора,

и в качестве основных критериев ценности указывали происхождение, содержание и внешние особенности фотодокументов [9].

Длительный опыт архивоведения кинофотодокументов был обобщен в «Основных положениях отбора на государственное хранение кинофотодокументов», разработанные Всесоюзным научно-исследовательским институтом архивного дела и документоведения (далее – ВНИИДАД) в 1978 г. Нормативно-методические документы, созданные в последующем в казахстанском кинофотофоноархиве, базировались на указанных методических рекомендациях.

Определенное место в комплексе нормативно-методических документов, подготовленных Главархивом СССР и ВНИИДАД, заняли «Методические рекомендации по комплектованию государственных архивов кинофотофонодокументами» (1984 г.).

Проблемы оценки аудиовизуальных документов и комплектованию ими архивов охватили и «Правила работы государственных архивов с кинофотофонодокументами» (1980 г.), являвшимся основным и единственным нормативным документом в пространстве СССР. Таким образом, в рамках единого нормативного документа закреплялся многолетний опыт организации работы с ведомственными кинофотоархивами и последующий порядок отбора и приема кинофотодокументов на государственное хранение. В целом, Правила ориентировали архивистов на более широкий охват ретроспективных документальных массивов, которые обладали бы потенциальной возможностью удовлетворить потребителя аудиовизуальной информации.

Одновременно складывались правовые и методические основы работы архивов с кинодокументами. Работа киноархивов регламентировалась инструкциями «О порядке учета, хранения и использования кинодокументов в киностудиях, институтах, учреждениях и предприятиях СССР» (1948 г.), «О порядке приема кинофильмов и других кинодокументов в государственные архивы Союза ССР» (1955 г.). Инструкции регламентировали порядок хранения кинодокументов и условия их использования в творческих, научных и иных целях, рекомендуя такие методы как просмотр, снятие копии, выкопировка с кинодокумента. Положения этих документов действовали на протяжении многих лет и впоследствии включались в ряд методических пособий, с детализацией работ, касающихся научно-технической обработки, каталогизации, использования кинодокументов.

Теоретические аспекты оценки кинодокументов впервые были обобщены в «Методических рекомендациях по отбору документальных киноматериалов на государственное хранение», разработанных Главархивом СССР и ЦГА КФД СССР в 1970 г. Технология отбора учитывала специфические свойства и характерные

особенности кинодокументов. При оценке обращалось внимание на способ документирования и передачи информации, их содержание, материальный носитель. Единым нормативным документом до момента распада СССР в области отбора кинодокументов на государственное хранение являлось «Инструкция о порядке сдачи и приема кинофильмов в государственные архивы СССР», подготовленная совместными усилиями Госкино СССР и Главархивом СССР в 1976 г. Инструкция определила сроки сдачи кинопродукции архивам, состав учреждений, сдающих фильмовые материалы, комплекты негативных документов [10]. Внедрение в практику «Основных правил работы с кинофотофонодокументами и видеофонограммами в ведомственных архивах» (1989 г.) положительно повлияли на работу с этими видами документации. Кроме того, архив на основе общесоюзных типовых правил и указаний составляет комплекс методических разработок по отдельным видам работы (инструкции по составлению монтажных листов к кинодокументам, по выявлению и учету ОЦД, по созданию каталогов и др.).

Разработка методических аспектов комплекса проблем, связанных с аудиовизуальной документацией и их внедрение в практику деятельности, в целом повлияли на правильную организацию их хранения в учреждениях и превратили архив в координационный и методический республиканский центр по работе с этими видами документов.

С появлением различных организационно-правовых структур в обществе, архив столкнулся с серьезными проблемами в своей деятельности. Длительное отсутствие нормативно-правового обеспечения работы с аудиовизуальными документами негативно сказались на комплектовании архива ценными для общества источниками. В такой ситуации архиву предстояло выработать другую политику в отношении архивов частных структур, в которых также откладывались источники по национальной истории. Актуальным становится принятие какой-либо программы или рекомендации, предусматривающие регулирование сохранности архивов. Кроме того, национальному архиву предстояло определить видовую специфику создаваемых аудиовизуальных документов с целью их постановки на уровень исторических источников с учетом их возможного широкого использования в исторических исследованиях.

Закон Республики Казахстан «О Национальном архивном фонде и архивах» появился лишь в декабре 1998 г., где были зафиксированы принципиально важные положения: принадлежность ценной аудиовизуальной документации к национальному архивному фонду и передачу этих документов в государственные архивы по истечении сроков их ведомственного хранения. Архивное законодательство

следует принципу государственного контроля за состоянием, ведением и сохранением ведомственных архивов с различной формой собственности. При этом ответственность за сохранение архивов возлагается на само учреждение или их владельцев при обязательном контроле со стороны архивных органов. Архив же со своей стороны должен предоставить научно-методическую, справочную, информационную помощь учреждениям, производящим аудиовизуальную продукцию с учетом их ценностного качества.

Хотя этот законодательный акт играет позитивную роль в сохранении исторического наследия страны, несовершенство правовой архивной среды на сегодняшний день очевиден. Многие действующие нормативы в области информации не учитывают интересы архивной сферы, что создаёт сложности во взаимоотношениях между архивами и учреждениями, создающими аудиовизуальную документацию. Так, в законах страны «Об авторском праве и смежных правах» от 10 июня 1996 г., «О средствах массовой информации» от 23 июля 1999 г. не предусматриваются вопросы сохранности, отбора и передачи аудиовизуальных документов на постоянное хранение в государственные архивы.

Полноценное формирование национального аудиовизуального фонда на настоящий момент зависит от серьёзного законодательного регулирования, так как создаваемая аудиовизуальная продукция имеет не только материальную ценность, но и рыночную стоимость. Такая постановка вопроса требует межведомственных контактов и сотрудничества по проблемам аудиовизуальной документации с целью гарантии сохранности и использования документального наследия. Нежелание многих учреждений, создающих аудиовизуальную документацию, передавать ретроспективные комплексы, имеющие историческое значение в государственный архив и создание режимных условий их хранения и использования, являются сегодня очевидным фактом.

В целях полноценного комплектования ретроспективной аудиовизуальной информацией издан отраслевой распорядительный документ – приказ министра культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан от 13 ноября 2000 г. № 212 «О мерах по сохранению уникальных аудиовизуальных документов», где были предприняты меры по отбору, приёму и обеспечению сохранности этих видов документов. Национальным аудиовизуальным архивом как методическим центром подготовлены ряд нормативно-методических пособий, регулирующие отдельные направления работы с аудиовизуальной документацией («Инструкция о порядке отбора и передачи на государственное хранение кинодокументов и видеофонограмм», «Методические рекомендации по работе

с видеофонограммами в государственных архивах Республики Казахстан» (2001 г. Правила комплектования, хранения, учета и использования документов НАФ, других архивных документов государственных и специализированных государственных архивов, утвержденного приказом Министра культуры и спорта от 22 декабря 2014 г.) [11]. Хотя впервые на правительственном уровне намечаются реальные шаги по организации «хранения, использования и передачи в государственные архивы подлинников или заменяющих их копий аудиовизуальных документов, образующихся в деятельности подведомственных государственных учреждений, государственных казенных предприятий, историко-культурных заповедников», тем не менее, отсутствуют нормы и правила, которые бы гарантировали обязательную сохранность частных архивов.

Специалисты отмечают, что основы архивного законодательства должны совершенствоваться в направлении предоставления государственным архивам возможности контролировать состояние исторически значимых ретроспективных документальных фондов всех структур, независимо от организационно-правовых форм. Такие действия правительства смогли бы обеспечить достаточно высокий уровень интегрированности ведомственных архивов в национальный архив, где формируется адекватная источниковая база. Следует отметить, что у национального аудиовизуального архива на настоящий момент нет возможности аккумулировать всю систему аудиовизуальных источников, так как историко-документные собрания хранятся также в областных государственных архивах, библиотеках, музеях. Отсутствие системы централизованного учета аудиовизуальных источников не позволяет архиву осуществлять реальный контроль за состоянием и сохранностью аудиовизуальных документных собраний в общегосударственном масштабе

Национальный аудиовизуальный архив является сегодня не только обязательным звеном информационно-архивной инфраструктуры государства, но и неотъемлемой частью общенациональной культуры. Как составляющая коллективной памяти общества, архив строится на таких основных позициях, выработанных в связи с новой концепцией в архивном деле, как: сохранность архивного наследия; демократизация правовой базы архивного дела; выработка новых законодательных актов; открытость и доступность архивов.

ҚР Президенті Архиві өз қызметін бастаған уақыттан партия тарихының «айтылған тарих» тәсілі бойынша материалдар жинау дәстүріне қайта оралды. Бұл жұмыс жаңа технологиялардың пайда болуымен сәйкес келді және ҚР Президенті Архиві шығарған бірнеше құжаттар мен материалдар жинақтарында көрініс тапты. Архив қорларында сақтаудағы құжаттардың негізінде 1997 ж. «Қаһарлы 1916 жыл:– Грозный 1916-й год» құжаттар мен материалдар жинағының екінші томы жарыққа шықты [6]. Бұл басылымға 1916 ж. көтерілісі туралы 1920–1930 жж. жазылған қозғалысқа қатысушылардың және куәгерлердің 47 естелігі енгізілген. Естеліктердің басым бөлігі алғаш рет жарияланған. Бұл деректер көтерілістің барысын, Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси жағдай, көтерілістің алдында Ресей империясының отарлау саясатының күшеюі, салықтардың өсуі, жерлердің алынуы, әлеуметтік теңсіздік және т. б. мәселелерді баяндайды.

КСРО-да саяси қуғын-сүргін құрбандарының және олардың ұрпақтарының естеліктерінен құрастырылған «Страницы трагических судеб: Сборник воспоминаний жертв политических репрессий в СССР в 1920–1950-е гг.» жинағы жарияланды [7]. Бұл естеліктер өткен ғасырдың жаппай қуғын-сүргін террорының механизмін көрсететін адамдар тағдырын, XX ғ. бірінші жартысындағы қазақстандықтардың күнделікті өмірлері мен тұрмысы туралы сыр шертетін деректер болып табылады.

ҚР Президенті Архиві 2009 ж. «Казахстан – Украина: дороги и перекрестки. 1917 – 2008 гг.» естеліктер мен құжаттар жинағын жарыққа шығарды [8]. Жинаққа XIX ғ. аяғы және XXI ғ. басындағы

Қазақстан мен Украина тұрғындарының күнделікті өмірлеріне саяси оқиғалардың қалай әсер еткендері туралы естеліктер, өмірбаяндар және т. б. құжаттар енгізілген.

Оқырмандардың назарына 2015 ж. ҚР Президентінің Архиві «Архивисты и архивы Казахстана XX и XXI вв. Сборник документов и материалов» атты басылым ұсынды [9]. Бұл басылымда архив саласы мамандарының естеліктері, өмірбаяндары, сұхбаттары, мақалалары енгізілді, яғни, жарияланған материалдардың басым көпшілігі архивші мамандағының таңдауы, осы салада жұмыс жасағаны туралы баяндалады.

«Айтылған тарихтың» бір міндеті жаңа заман тарихының «ақтандақ» беттерінен дерек беру. Бұл «ақтандақ» беттерінің бірі кеңес заманында тоталитарлы мемлекеттің қуғын-сүргін саясатының бір көрінісі болған депортация тарихы жатады. Осы тақырып бойынша мемлекеттік архивтердің қоймаларында сақтаудағы құжаттар көбінесе біртүрлі болғандықтан құрастырушылық ұжым аталған жобаны қамтитын «Из истории депортаций» құжат жинағының екінші және үшінші кітаптарына архивтік құжаттармен қатар жинаққа депортацияға ұшыраған халық өкілдерінен естеліктерін де арнайы тарауға енгізуді жоспарлады. Өйткені архив қорларындағы құжаттарда депортацияға ұшырағандардың өмір сүру жағдайлары, күштеп қоныс аударған жерлерде тіршіліктерін қамтамасыз ету жүйелері, күнделікті өмірлері, тұрмысы, отбасыларының тағдырлары, олардың ойлары, сезімдері және т. б. мәселелері аз қамтылып көрсетілген. Бұл деректерді оқиға куәгерлері мен қатысушыларының естеліктері арқылы алуға болатындықтан жоба шеңберінде естелік беретін адамдарды іздеу жұмыстары басталды.

2014 ж. жарыққа шыққан 1935–1939 жж. қамтитын «Из истории депортаций» құжат жинағының екінші кітабында әлеуметтік-этникалық және этникалық жер аударулар, соның ішінде батыс шекаралардан 1936 ж. поляк және неміс шаруашылықтарының Украинадан қоныс аударуы, 1936–1937 жж. оңтүстік шекаралардан қоныс аударған күрт, армян, түріктерді, 1937 ж. шығыс шекаралардан кәрістердің, 1938 ж. ирандықтарды қабылдау және олардың Қазақстанда орналастырылуы және т. б. мәселелер туралы баяндайтын құжаттармен қатар, жер аударуды бастан кешіргендердің естеліктері енгізілген. Естеліктер бөлімінде поляк, күрт, армян, иран, кәріс ұлт өкілдерінің әңгімелері енгізілді. Жарияланған естеліктердің жалпы саны сегіз, бұл тарауға естелік берушілері немесе ұрпақтары табылмағандықтан финн, 1936 ж. Украинадан қоныс аударған неміс, 1937 ж. оңтүстік шекарадан қоныс аударған түрік ұлттарының естеліктері енгізілмеді [10, 646 – 667-б.].

Қазіргі таңда құрастырушылар ұжымы жобаның 1939–1945 жж.

аралығын қамтитын үшінші кітабын дайындау жұмысын аяқтады.

Жинақты дайындау барысында 2015–2016 жж. құрастырушылар ұжымы жоспарланған басылымның үшінші томы бойынша Атырау, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан, Қызылорда, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан және т. б. мемлекеттік архивтерде құжаттарды іздестіру жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде 1939–1945 жж. Қазақстанға қоныс аударған Польша азаматтары ретінде еврейлердің, поляк, неміс, финн, грек, қалмық, қарашай, шешен, ингуш, балқар, қырым татарлары, түрік, армян және т. б. ұлт өкілдерін қабылдау және олардың Қазақстанда орналастырылуы және т. б. мәселелер туралы баяндайтын құжаттар енгізілді.

Құрастырушылар ұжымы жобаның екінші кітабының дәстүрін сақтай отырып, архивтік құжаттармен қатар жинақтың бір тарауын депортацияға ұшыраған халық өкілдерінің естеліктеріне арнады. Сол себепті 2016 ж. 3 маусымда және 2017 ж. 19 мамырда ҚР Президентінің Архивінде Алматы қаласында орналасқан Ұлттық мәдени орталықтармен өткізілген ведомстволық архивті ұйымдастыру және құжаттарды сақтау тәртібін қамтамасыз ету мәселелері туралы кезекті семинарларға Құжаттарды ғылыми жариялау басқармасының қызметкерлері қатысып, 1940–1945 жж. арналған 3-томын дайындау жұмыстарының жүргізілуі жөнінде арнайы хабарлама жасады. Осы кітаптың бір тарауы депортацияға ұшыраған халық өкілдерінің естеліктеріне арналғандықтан 1930–1950 жж. Қазақстанға қоныс аударылған халықтардың өкілдерінен естеліктер жинау туралы ұсыныс білдірді. Бұл ұсыныс ҚР Президенті Архивінің сайтына және әлеуметтік желілерде хабарландыру нысанында да жарияланды. Жоғарыда атап өткен, кездесудің нәтижесінде мысал ретінде Архивтің ұсынысын грек ұлтының өкілі Нина Георгийқызы Сопилиди қабылдап, ол 2016 ж. 7 маусымда Архивке естелік пен отбасылық архивінен фотосуреттерді тапсыру үшін келді. Оның туысқандарын 1942 ж. Солтүстік Қазақстан облысына күштеп қоныс аударған болатын. Бұдан басқа дайындалып отырған кітапқа литван, поляк, бессараб, молдаван, еврей, итальян, неміс, финн, балқар, қарашай, қалмық, шешен, ингуш, түрік-месхетин, күрт, болгар, қырым татар ұлттарының естеліктері жазып алынып, ғылыми айналымға енгізілуде. Негізінен естеліктер қоныс аударған халықтардың өмірі куәгерлердің көрсетуі негізінде ұрпақтарынан жазып алынды. Жалпы саны 18 естелік жазып алынды. Олардың екеуі, яғни, молдаван ұлтының өкілі туралы Е. Левицкаяның «Посвящается моей бабушке Стояновой Валентине» [11, 118–126-б.], қарашай А. Борлаковтың «Карачаевцы и балкарцы – народ трудолюбивый» [12, 11–12-б.] ұлттарының өкілдері табылмағандықтан ерте жарияланған деректерден алынды. Сонымен қатар, естеліктер тарауына Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғысы музейінің қорында сақталған

2012 ж. 20 қарашада жазып алынған поляк Б. Салега-Сташецкидің «Львов – Майбулак – Персия» атты естелігі де енгізілді.

Жинақты дайындау барысында архивтік эвристиканың нәтижесінде кейбір ұлттарға табылмаған құжаттардың орнын толтырғандай құрастырушылық ұжым итальян, күрт ұлттарының өкілдерін тауып, естеліктерін жазып алды. Бұлардың қатарында итальян Г.Е. Сколярионың «Керчь – Қазақстан – Керчь», күрт ұлтының өкілі А.З. Алиевтің «Қай жерде бірлік – сол жерде тірлік» естеліктері бар.

Естеліктерден құрастырылған тарау жобаның үшінші кітабының хронологиялық шеңберін сақтамай, яғни 1939–1945 жж. ғана қамтымай, одан ерте қоныс аударған ұлт өкілдерінің естеліктері де жазып алынды. Мәселен, жобаның екінші кітабын құрастырғанда табылмаған финн ұлтының өкілі, «Суоми» ұлттық мәдени орталығының төрағасы А.Б. Смирновтан 2017 ж. наурызда ҚР Президенті Архивінің қызметкері естелік жазып алды. А.Б. Смирновтың XX ғ. 30-жылдарында оның туысқандары Қазақстанға Ленинград облысындағы Ингерманландиядан қоныс аударылды. Олар 1935–1953 жж. аралығында Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтарал ауданында арнайы қоныс аудару орындарында тұрды. Кездесу барысында естелік беруші Александр Борисұлы жақындары туралы естеліктерімен бөлісіп, олардың Қазақстандағы өмірі және Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) қаласына көшуі туралы айтып берді: «Қоныс аудару кезінде өте қиын болды, 50 шақты вагон болды. Вагондардың ішінде үш деңгейлі сәкі орналасты. Мақтаарал ауданының Сырдария станциясына келдік. Егін шаруашылығын жақсы білгендіктен, аз уақытта жерсіндік. Бастапқыда мақталы жерлерде еңбек еттік, кейінірек қарбыз бен қауын еттік», – деп ағам Иван Леппенен еске алушы еді».

Естеліктерді іздеу экспедициясы барысында кейбір ұлт өкілдері аумақтық алшақтықта болғандықтан құрастырушылар ұжымы заманауи технологияларды қолданды. Мәселен, жазып алған естеліктің мәтінін естелік берушімен бірлесіп тексеру үшін скайп, электронды пошта және т. б. құралдар қолданылды. Мысалы, 2017 ж. аяғында Атырау қаласының тұрғыны. Қазақстанға Қырым түбегінен депортацияға ұшыраған болгар ұлтының өкілі И.Г. Чебышевпен естелік мәтіні телефонмен тексерілді.

Естеліктерді жинау барысында респонденттердің сөздері көбінесе диктофонға жазып алынды, естелік берушілерге алдын ала арнайы сұрақтар да дайындалды. Сонымен бірге, ҚР Президенті Архивінің қызметкерлері дайындаған «Из истории народов, депортированных в Казахскую ССР (1936–1960 гг.)» жинағына құжаттарды іздеп табу жадуалының қосымшасына енгізілген Қазақ КСР-на қоныс аударған халықтары өкілінің сауалнамасы да қолданылды [13, 12-п.].

Қазіргі таңда барлық жазып алынған естеліктердің диктофондық



жазбалары, қолдары бар тексттік мәтіндер, электронды нұсқада фотосуреттері, құжат көшірмелері ҚР Президенті Архивінің ағымдағы архивінде сақталуда, жинақ жарыққа шыққан соң бұл жиналған материалдар міндетті түрде тұрақты сақтауға ресімделеді.

ҚР Президенті Архивінің қызметкерлері естеліктерді жинау барысында естелік берушілердің отбасылық архивтерінен материалдардың электронды көшірмелерін алып отырды. Нәтижесінде жинастырылған естеліктердің электронды топтамаларынан 2017 ж. мамырда ҚР Президенті Архивінің «Қазақстан Ұлы Отан соғысында: тарих тағылымы» тарихи-құжаттық көрмесінде алғаш рет Ұлы Отан соғыс жылдарында Қазақстанға қоныс аударылған халықтардың тағдырынан хабар беретін құжаттар мен фотосуреттер көпшілік назарына ұсынылды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы Ұлттық мәдени орталықтарының өкілдерімен тығыз жұмыс жасау нәтижесінде дайындалып отырған жинақтың оқырман назарына қоныс аударған кейбір азаматтардың, олардың ұрпақтарынан алынған естеліктер қызықты, құнды болатынына сенімдеміз.

*Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі:*

1. Айтылған тарих. Оқу құралы / Жалпы редакциясын басқарған Қойгелдиев М.Қ. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасы, 2015. – 240 б.

2. Путеводитель по фондам Архива Президента Республики Казахстан: Справочно-информационное издание // Составители: Е.М. Грибанова, А.А. Сейсенбаева / Под общ. ред. профессора Б.А. Джапарова. Издание 2-е, дополненное. – Алматы, 2016.

3. Асанбаева А.Е. «Сакен Сейфуллин – руководитель Истпарта Казкрайкома ВКП (б)». / ҚР Президенті Архивінің Ақпаратты-әдістемелік бюллетені. – 2014 – № 1 (17) – С.37–42.

4. ҚР ПА. 811-қ. 4-т. 205-іс. 234–238-п.

5. Әлімғазинов Қ.Ш., Чиликова Е.В. «Тарихи жады кеңістігіндегі алаш қозғалысы» / Қоғам және дәуір – 2017 – №1 – 55–69-б.

6. Қаһарлы 1916 жыл: (Құжаттар мен материалдар жинағы) – Грозный 1916-й год (Сб. документов и материалов). – Алматы: Қазақстан, 1998. – Т. 2. – 1998. – 247 б.

7. Страницы трагических судеб: Сборник воспоминаний жертв политических репрессий в СССР в 1920–1950-е гг. / Отв. редактор Л.Д. Дегитаева. Отв. сост. Е.М. Грибанова. – Алматы: Жеті жарғы, 2002. – 448 с.

8. Казахстан – Украина: дороги и перекрестки. 1917 – 2008 гг. Сборник воспоминаний и документов. Отв. составитель Е.М. Грибанова. – Алматы: Print Express, 2009. – 320 с.+26 с. вкл.

9. Архивисты и архивы Казахстана XX и XXI вв. Сб. документов и материалов / Сост. Абдуали Р.М., Байкаш Ж.Т., Грибанова Е.М. (ответ.), Чиликова Е.В. – Алматы: Архив Президента РК, 2015. – 342 с.

10. Из истории депортаций. Казахстан 1935–1939 гг. Сборник документов. – Алматы: LEM, 2014. – 740 с.

11. Из реферата, предоставленного автором на конкурс исследовательских работ «Человек в истории. Казахстан - XX век» проводимый обществом «Әділет» в 2000 г. (АП РК. Ф.48-Н. Оп.1. Д.166). Опубликовано в Материалах «круглого стола» «Современное осмысление уроков репрессий 1930–1950-х гг. в Казахстане и проблемы защиты прав человека. – Алматы: OST–XXI век, 2006.

12. Минги-Тау (Алматы). – 2009. – № 1. – С.11–12.

13. АП РК. Ф.30–Н. Оп.2. Д.175. Грибанова Е.М., Зулкашева А.С. «Памятка по выявлению документов для сборника «Из истории народов, депортированных в Казахскую ССР (1936–1960 гг.)».

Шайжанова С.М.

### **ҚР Президенті Архивінің Оқу залының жұмысы туралы<sup>1\*</sup>**

Архивтерді ұлттың қазынасы деп жиі айтады, ол шынымен де солай. Архив құжаттарынсыз тарихи тақырыптағы көптеген ғылыми зерттеулер жазылмас еді. Архив құжаттарынсыз қызметтік немесе жеке құқықтық сипаттағы фактілерге қол жеткізе алмайсыз.

Архив құжаттарымен және оларға қатысты ғылыми-анықтамалық аппаратпен жұмыс істеу тәртібі «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» 1998 ж. 22 желтоқсандағы, «ҚРның мемлекеттік құпияларын қорғау туралы» 1999 ж. 11 наурыздағы ҚР Заңдарымен, ҚР Президентінің 1999 ж. 1 маусымдағы № 52 өкімімен бекітілген ҚР Президенті Архиві және ҚР Президенті Архивінің Оқу залында жұмыс істеу туралы ережелер бойынша анықталады.

Оқу залы архивте өзіндік рөл атқарады. ҚР Президенті Архиві Оқу залының жұмысын бақылауды Құжаттарды пайдалануды ұйымдастыру басқармасының басшысы жүзеге асырады.

Жыл сайын Архивте мектеп оқушыларына, қала студенттеріне ашық есік күндері ұйымдастырылып, экскурсия өткізіледі. Экскурсия барысында Архив қызметкерлері құрылымдық бөлімдердің жұмысы мен архивте өткен көрмелер туралы, мемлекеттік сақтауға келіп түскен құжаттар туралы мәліметтер береді.

Оқу залында зерттеушілердің жұмыс жасауына барлық жағдай жасалған. 2019 ж. бастап жаңа жабдықтармен, соның ішінде компьютерлер, үстелдер, қажетті қағаздар мен құжаттарды қоюға арналған үш есікті шағын шкафтар, құжаттардың электрондық көшірмесін түсіруге арналған екі визуализатор, микрофильммен жұмыс жасауға арналған екі құрылғы және зерттеушіге арналған жұмыс үстелдері жарық шамымен қамтамасыз етілген. Сондай-ақ,

<sup>1\*</sup> О работе Читального зала Архива Президента РК.

оқу залы терезелеріне арнайы перделер тапсырыспен дайындалған. Бұл да оқу залында отырып жұмыс жасауға ерекше көрік беріп тұр. Оқу залы бейнебақылаумен бақылануы келген зерттеушілердің істерді ұқыпты пайдалануына өз септігін тигізеді. Зерттеуші өзінің жеке заттарын арнайы шкафқа салады. Оқу залы компьютерлермен жабдықталғандықтан, ноутбукпен кіруге болмайды. Сондықтан әр зерттеуші оқу залының компьютерінде терген мәтінін жұмыс соңында флэш картасына көшіріп алады.

Біздің тұрақты пайдаланушыларымыз – жоғары оқу орындары оқытушылары мен студенттері, магистранттар, докторанттар, ғылым кандидаттары мен докторлары, сондай-ақ, мектеп мұғалімдері, музей қызметкерлері, өлкетанушылар, журналистер, генеалогиялық қауымдастықтардың қызметкерлері және түрлі салалардың мамандары. Қазақстанның басқа облыстарынан келетін зерттеушілермен қатар шетелдік зерттеушілер де оқу залына жиі келіп тұрады.

2019 ж. I жартыжылдықта оқу залында зерттеушілерге 493 тізімдеме, 4018 іс берілді. 500-ге жуық зерттеушілер жұмыс жасады. Олар түрлі хронологиялық шеңберлер мен тақырыптарды қамтыды.

Зерттеу тақырыбы	ЖОО немесе жұмыс орны	Зерттеу түрі
КСРО және Тәуелсіз Қазақстан мемлекеттерінің қатынасы	Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ	докторлық диссертация
Институт политических исследований	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	магистрлік диссертация
Қазақ мультипликациясы	Қазақ ұлттық өнер университеті	дипломдық жұмыс
Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстандағы мемлекеттік билікті трансформациялау туралы құжаттары	ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты	ғылыми зерттеу
Еңбекшіқазақ және Шелек аудандарының басшылары, экономикалық-әлеуметтік жағдайы	Алматы обл. Мемлекеттік архиві КММ Еңбекшіқазақ филиалы	ғылыми зерттеу, кітап шығару
Поиск материалов по лауреатам Госпремии	АО «Эмбаунайгаз»	жинақ үшін
85-летие КазННТУ им. Сатпаева К.И.	КазННТУ им. К.И. Сатпаева	көрме үшін

Состояние и перспективы развития казахстанско-венгерских отношений на современном этапе	КазНУ им. аль-Фараби	магистрлік диссертация
Репатриация казахов на историческую родину: советский и постсоветский периоды	КИМЭП	магистрлік диссертация
Политические репрессии 1930–1950-х гг. влияние на жизнь семьи в трех поколениях	КазНУ им. аль-Фараби	докторлық диссертация
Орал механикалық зауыты құрылысының тарихы мен дамуы	М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті	магистрлік диссертация
Взаимоотношения РК со странами Юго-Восточной Азии	Костанайский госуниверситет им. А. Байтұрсынова	магистрлік диссертация
Нығмет Нұрмақов, Жалау Мыңбаев және қазақ жастар ұйымдарының тарихы	Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	ғылыми зерттеу
История КазССР и ее взаимоотношения с властями в Москве в 1970 и 1980-х гг.	Университет Назарбаева	ғылыми зерттеу
Депортация и репрессии корейцев Казахстана	Общественный фонд «Наследие диаспоры»	ғылыми зерттеу
120 лет со дня рождения известных ученых-геологов И.П. Новохотного и В.Г. Ли (соратников академика К.И. Сатпаева)	Мемориальный музей академика К.И. Сатпаева	ғылыми зерттеу
Қазақстан халқының этнодемографиялық дамуы және көші-қон процестері	Институт истории государства	ғылыми зерттеу
Халифа Алтай және қазақ диаспорасы	Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ	ғылыми зерттеу

XX ғ. 20-50 жж. Қазақстандағы ұлттық миграция мәселесі	Қазақ ұлттық аграрлық университеті	ғылыми зерттеу
Роль Казахстана в обеспечении региональной безопасности	КазНУ им. аль-Фараби	монография

Берілген тақырыпқа сүйене отырып, Архивтің 139-қоры «Ресей Коммунистік (большевиктер) партиясының Қырғыз облыстық комитеті», 141-қоры «Бүкілодақтық (большевиктер) Коммунистік партиясының Қазақ өлкелік комитеті», 708-қоры «Қазақстан Орталық Коммунистік партиясының комитеті», 811-қоры « Алматы қ. Марксизм және ленинизм институтының филиалы – Қазақстан ОК КП жанындағы партия тарихы институты», 5-Н-қоры «ҚР Президентінің Әкімшілігі», 8-қоры «Қазақстан Коммунистік партиясының Алматы облыстық комитеті» қорлары жиі пайдаланылатыны туралы қорытынды жасауға болады.

Оқу залында жұмыс істеуге рұқсат алу үшін зерттеуші аты-жөні, әкесінің аты, лауазымы, ғылыми дәрежесі (атағы), зерттеудің мақсаты мен тақырыбы, оның хронологиялық шегі көрсетілген ұйымның ресми хатын ұсынады. Хат ұйымның елтаңбалы бланкісінде жазылып, оған осы ұйымның бірінші басшысы қол қоюы керек.

Жоғарғы оқу орындарының студенттері архив құжаттарымен жұмыс жасау қажеттігі негізделген, ректордың немесе проректордың қолы қойылған жоғарғы оқу орнының хаты бойынша ресімделеді.

Кейбір азаматтарға жеке өтініштері бойынша құжаттармен жұмыс жасау үшін рұқсат беріледі. Жеке өтініште немесе хатта зерттеушінің тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, ғылыми атағы, ғылыми дәрежесі, зерттеудің тақырыбы, оның хронологиялық шегі көрсетіледі. Зерттеушілердің көпшілігі өздерінің жеке архив топтамасын толықтыру мақсатында оқу залында жұмыс жасайды. Жеке тақырыптары бойынша архивке келетін зерттеушілердің басым бөлігі зейнеткерлер. Оқу залына келетін зерттеушілердің ең үлкені 82 жаста.

Архивтегі жеке тектік құжаттармен жұмыс жасау жеке қор иесінің немесе тікелей ұрпағының жазбаша келісімімен ғана жүзеге асырылады.

Зерттеу тақырыбы	Жұмыс орны	Зерттеу түрі
Муса Курманғалиев	зейнеткер	жеке архив қорын толықтыру
Личное дело Шманова Ануарбека Нажметдиновича	зейнеткер	жеке архив қорын толықтыру

Фонд ред. «Социалистик Қазақстан»	зейнеткер	жеке архив қорын толықтыру
Личное дело Кумарова Б.	жеке кәсіпкер	жеке архив қорын толықтыру
Личное дело Елюбаева О.	жеке кәсіпкер	жеке архив қорын толықтыру
Байгарин Қонырша	зейнеткер	жеке архив қорын толықтыру
История 100-й стрелковой бригады сформировавшийся в г. Алматы	зейнеткер	жеке архив қорын толықтыру
Об отце Канапина	зейнеткер	жеке архив қорын толықтыру
Оспанова Әлкен Бекмырзақызы	зейнеткер	жеке архив қорын толықтыру
Иманбаева Софья Аубакировна	зейнеткер	жеке архив қорын толықтыру

Шетелдік зерттеушілер өздерін қабылдаған ұйымның немесе шетелдегі ғылыми мекеменің ресми хаты негізінде, сондай-ақ өзінің жазған өтініші бойынша Қазақстанның азаматтарымен тең құқықта ресімделеді.

Зерттеу тақырыбы	Келген мемлекет	Зерттеу түрі
Кадровая политика Коммунистической партии Казахстана в период с 1964 г. по 1986 г.	Центрально-Европейский университет (Будапешт, Венгрия)	магистрлік диссертация
Международные отношения в Центральной Азии	Сент-Эндрюс, (Шотландия, Великобритания)	ғылыми зерттеу, монография, мақала
Орта Азия және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (1943–1990 жж.)	Селчук Университеті, (Кония қ., Түркия)	докторлық диссертация
Спецпереселенцы немцы	Университет Калифорнии в Беркли	докторлық диссертация
Советская архитектура, строительство столицы, и жизнь в г. Алма-Ата и загородом 1930–1950 гг.	Калифорнийский университет в Лос-Анджелесе	дипломдық жұмыс

Шетелдік зерттеушілермен пікір алмасу мақсатында Архивтің «Жас архившілер кеңесі» ұйымдастыратын жиналыстар өткізіліп тұрады. Жиналыста қызметкерлер өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, зерттеушілермен тәжірибе алмасады.

Зерттеушілер тіркелуді жеделдету мақсатында ҚР Президенті Архиві сайтында – «archive.president.kz» «Е-архив» қосымша беті арқылы онлайн тіркелуді жүргізе алады.

Оқу залында зерттеушіге қажетті мерзімге жұмыс істеуге рұқсатты Архив директоры немесе оның орынбасары ағымдағы күнтізбелік жылдың соңына дейін (31 желтоқсан) береді. Зерттеушіге Оқу залында жұмыс істеу үшін рұқсаттың мерзімін ұзарту ресми хаттың (өтініштің) негізінде жылда жүргізіледі. Зерттеудің тақырыбы өзгерген кезде осы секілді рәсімдер жүргізіледі. Зерттеу тақырыбына, қорға және құжаттарға өтініш білдіруіне талдау жүргізу үшін зерттеушіге жеке іс қағаздары қалыптастырады.

Оқу залында жұмыс істеуге рұқсат алу үшін зерттеуші ұйымның ресми хатын ұсынады. Ол хатта зерттеушіге қатысты мәліметтер көрсетіліп, зерттеудің мақсаты мен тақырыбы, оның хронологиялық шегі жазылуы қажет. Хат ұйымның елтаңбалы бланкісінде болуы тиіс.

Оқу залында зерттеушіге қажетті мерзімге жұмыс істеуге рұқсатты Архив директоры немесе оның орынбасары ағымдағы күнтізбелік жылдың соңына дейін береді. Зерттеушіге Оқу залында жұмыс істеу үшін рұқсаттың мерзімін ұзарту ресми хаттың немесе өтініштің негізінде жыл сайын жүргізіледі. Зерттеудің тақырыбы өзгерген жағдайда зерттеуші жаңа хатпен келуі тиіс.

Зерттеу тақырыбына, қорға және құжаттарға өтініш білдіруіне талдау жүргізу үшін зерттеушіге жеке іс қағаздары қалыптастырылып, «ақпараттық-іздеу жүйесімен» жұмыс жасауы үшін жеке нөмір беріледі.

ҚР Президенті Архиві 2016 ж. соңында Архивтің бірыңғай ақпараттық-іздеу жүйесінің «Оқырман залы» қосымшасын пайдалануға ұсынды. Бұл қосымша Архив оқырман залының зерттеушілермен жүргізетін жұмысын автоматтандыруға бағытталған: зерттеушілерді электрондық тіркеу, қор бойынша жөнсілтерлерге жедел қолжетімділік алу, тізімдемелер мен істердің тізімі, қашықтықтан тапсырысты әзірлеу, зерттеушілер тапсырмаларына келісім беру, тапсырыс берген істерді алу және электрондық хабарландыру, автоматты есепті қалыптастыру. Жүйенің жұмысы тапсырыстарды орындау уақытын қысқартып, қағаздық негіздегі архив құжаттарын сақтауды қамтамасыз етеді. Ыңғайлы және түсінікті жүйе қолданушылардың жылдам әрі жеңіл жұмыс жасауын қамтамасыз етеді. Бұл жүйе тізімдемелерге, істерге тапсырыс беруді, басқа да электрондық каталогтармен жұмыс жасауды жеңілдетеді. Ғалымдар, студенттер, оқытушылар, XX ғ. тарихын қызыға оқитындар

Архивке келмей-ақ, қашықтықтан Архив құжаттарының құрамымен танысып, тақырыбы бойынша тапсырыс бере алады.

Архив зерттеушіге сұрау салып отырған тақырыбы бойынша жұртшылық қолдануына арналған архив қоры мен құжаттарына рұқсатты тегін береді. Құжаттармен жұмыс жасауға рұқсат берілген зерттеуші Оқу залы жұмысының ережесімен танысуы, кейін зерттеуші сауалнамасын, екі дана зерттеу тақырыбын есепке алу карточкасын толтыруы тиіс. Ұсынылған құжаттарды оқу залының қызметкері зерттеушінің жеке іс қағаздарына тігеді.

Құжаттарды іріктеп алуына және олармен жұмыс жасауда көмек көрсету мақсатында зерттеушінің қолына архив құжаттарына қатысты ғылыми-анықтамалық аппарат ұсынылып, онда: тізбелер, каталогтар, автоматтандырылған ақпараттық-іздеу жүйелері, жөнсілтер, тізімдемелер беріледі.

Архив зерттеушілерге оқу залында қолданылатын деректер базалары, автоматтандырылған ақпараттық – іздеу жүйелерімен, құжаттарды іздеу кезінде деректер базасымен жұмыс жасау бойынша кеңестермен қамтамасыз етеді.

Зерттеуші бір уақытта 20 іске және 10 тізімдемеге тапсырыс бере алады. Істер бір күнтізбелік айдан аспайтын мерзімге ғана беріледі. Егер зерттеуші бір айдан астам уақыт ішінде Оқу залында жұмыс жасамаса, іріктеп алынған құжаттар Архив қоймасына қайтарылады. «Электрондық архив» жүйесінде құжаттарды қолданудың уақыты өтіп кетсе, олар қолжетімсіз болады. Құжаттардың көшірмелері микрофильм, микрофиша, электрондық нұсқа түрінде болса түпнұсқа құжаттар берілмейді. Зерттеуші тапсырыс берген істер бір күн ішінде беріледі. Жазғы жұмыс тәртібіне көшкенде (1 маусымнан 1 қыркүйекке дейін) сұралған тапсырыстар кемінде 2 тәулік бұрын берілуі керек.

Оқу залына келген кезде зерттеуші белгіленген жұмыс режимін сақтауы тиіс. Келушілер кітабына қолын қояды. Бұл зерттеушінің өзі алған құжаттарға пайдалану кезіндегі жауапкершілігін көрсетеді. Құжаттан ақау немесе оның бүлінгендігі анықталған кезде ол туралы оқу залының қызметкеріне хабарлауы тиіс. Зерттеуші зерттеу күнін, тақырыбын және пайдаланған беттерін көрсете отырып, істі пайдалану парағын ұқыптылықпен толтыруы тиіс.

Зерттеушіге құжаттың түрін және оның авторын көрсете отырып құжаттардан қысқаша көшірме жасауға, олардың мазмұнын жазуға рұқсат беріледі. Құжаттардан көшірілген үзінділерде архивтің іздеу деректері: Архивтің қысқартылған аты (ҚР ПА), кордың, тізімдеменің, істің, парақтың нөмірлері болуы керек.

Зерттеуші бір тақырыптық кезеңде Оқу залында 100 парақ құжат көшірмелерін түсіруіне болады. Қажет материалдың фотокошірмесін Архивтің Оқу залындағы техникалық құралдардың көмегімен ғана



түсіруге рұқсат етіледі. Фотокөшірменің тізбесін зерттеуші жасайды. Толтырылған тапсырыс бланкісіне зерттеуші қол қойып, Оқу залы қызметкеріне Архив директорының немесе оның орынбасарының рұқсатын алу үшін өткізеді. Көшірілген құжаттардың тізбесі зерттеушінің жеке ісінде сақталады.

Оқу залынан архивтік істерді шығаруға, оларды басқа тұлғаларға беруге тыйым салынады. Зерттеушіге құжаттарға белгі қоюға, сызуға, бұрышын қайтаруға, суланған саусағымен парақтауға, құжатқа тікелей күн сәулесін түсіруіне, құжаттарды және олардың құрамдас бөліктерін (сызбалары, суреттер, маркасы және т. б.) алуға болмайды.

Зерттеушінің Архив құжаттарын пайдалана отырып жариялаған басылымдары (кітап, журналдағы мақала және т. б.) ҚР Президенті Архивіне тапсырылады. Зерттеуші басылымда жарияланған ақпараттың пайдаланылған архив құжаттарының мазмұнына сәйкес келуіне жауапкершілікте болады.

Оқу залында жұмыс тәртібін бұзған зерттеуші Архив құжаттарымен жұмыс істеу құқығынан уақытша немесе біржола айырылуы мүмкін. Мұндай шешімді Архив басшылығы қабылдайды және міндетті түрде зерттеушіні жіберген ұйымға, оның жұмыс немесе оқу орнына хабарлайды. Құжаттардың ұрлануы немесе қасақана бүлдірілуі жағдайында, сондай-ақ олардың мәтініне өзгерістер енгізсе, айыптылар ҚРның заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Зерттеушілер өзінің ұсыныстары мен тілектерін оқу залындағы пікір білдіру кітапшасына жазуына болады. Ол жазбалар жыл соңында архив сайтына жарияланып тұрады.

Бүгінде ҚР Президенті Архивінің Оқу залында зерттеушілердің жұмыс істеуі үшін барлық жағдай жасалған. Әр зерттеуші дербес компьютермен, көшірме жасау үшін техникалық құралдармен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, жаңадан келген зерттеушіні Оқу залында жедел түрде тіркеп, бір уақытта тізімдеме бойынша іске тапсырыс беруіне болады. Архивте тізімдеме тапсырыс қағазынсыз, бір күнде он тізімдемеге дейін беріледі.

Архивтің бірыңғай ақпараттық-іздеу жүйесінің «Оқырман залы» қосымшасы арқылы қашықтықтан тіркеліп, істерге алдын-ала тапсырыс беріп, тапсырыс берген істермен Архивтің Оқу залына келгенде бірден зерттеу жұмысымен айналысуға мүмкіндік жасалған. Жазғы режимнен басқа уақыттарда тапсырыс берген істер егер электрондық нұсқасы бар болса, сол күні-ақ зерттеушіге қолжетімді болады. Архивтің бірыңғай ақпараттық-іздеу жүйесі сандық форматтағы құжаттармен толықтырылып, зерттеуші сұраныстарын қанағаттандыруға, аз уақытқа келген зерттеушілердің уақытын үнемді пайдалануына өз септігін тигізуде.

Беркун О.Е.  
**Государственные архивы как источниковая база  
исторической науки<sup>1\*</sup>**

Усилиями историков многих поколений история Казахстана как историческая наука поднялась на качественно новый уровень и занимает достойное место в ряду общественных наук. Архивисты гордятся тем, что есть и их весомый вклад в становлении и развитии казахстанской истории. Обеспечивая сохранность документального богатства Республики Казахстан, архивисты стремятся к тому, чтобы архивная информация активно использовалась в интересах общества, и в частности исторической науки.

Сегодня, в республике функционирует 7 республиканских и 207 региональных архивных учреждений и все они открыты для исследователей. Карагандинская архивная служба представлена 20 учреждениями и только в государственном архиве области работает читальный зал, в котором существует демократический порядок допуска к работе с архивными документами.

Как все начиналось? Так, по итогам деятельности Карагандинского областного архива за 1937–1967 гг. было установлено: «В 1939 г. в читальном зале занимался один исследователь. Он собирал материалы о зачинателе стахановского движения в Карагандинском угольном бассейне Тусупе Кузембаеве. Читальный зал с 1938 г. по 1967 г.: количество записавшихся исследователей – 357, посещений – 1603, выданных единиц хранения – 8752. Исследователями за 1957–1967 гг. было опубликовано 28 документальных подборок и статей по следующим темам: о рождении Карагандинского угольного бассейна, о создании на промышленных предприятиях Караганды фабзавкомов и их работе, о героях Советского Союза – карагандинцах, о культурной революции, о подготовке национальных кадров и др.» [1, с.254].

Если проследить исследуемые темы в 1940–1970-е гг. прошлого столетия, то можно установить, что они в основном касались внутренней и внешней политики Казахстана. Меньше проявлялся интерес к вопросам народонаселения, этнографии и быта, истории семьи, вопросам об национальных отношениях и т. д. В годовом отчете о работе архивных учреждений за 1958 г. отмечалось: «В читальном зале работало 10 исследователей, в течение 53 дней. Исследователям было выдано 329 ед. хр. Основные темы работ исследователей: «Создание национальных кадров в Караганде», «Социалистические преобразования в Карагандинской области», «Караганда в годы Великой Отечественной войны» и др.» [2, с.112].

Основными формами реализации полученной в архивах

---

<sup>1\*</sup> Мемлекеттік архивтер тарих ғылымының дереккөздік базасы ретінде.

информации были монографии, статьи, кандидатские и докторские диссертации, дипломные работы. Так например, «в 1977 г. в Карагандинском облгосархиве работало 56 исследователей, из них 51 – впервые пришедшие. Из общего числа исследователей 11 работало над кандидатскими диссертациями, 1 – над докторской, 18 студентов работало над дипломными и курсовыми работами, 4 исследователя – из партийных органов, 4 – из научно-исследовательских институтов, 10 – из культурно-просветительских организаций, 4 – из промышленных предприятий, 4 – из системы сельского хозяйства. [...] Зав. кафедрой истории СССР, кандидат исторических наук Базанова Ф.В. работала над докторской диссертацией «Изменения в этническом составе населения Казахстана» (1917–1970), аспирантка Московского государственного историко-архивного института Гужева Е.Н. работала над кандидатской диссертацией «Источники по истории Карагандинского угольного бассейна и приемы их публикации», группа преподавателей кафедры научного коммунизма Карагандинского политехнического института работали над темой «История треста «Казметаллургстрой» (1943–1977)» [3, с.98].

Только по документам облгосархива в период с 1987 г. по 1989 г. было написано более 20 кандидатских и докторских диссертаций, опубликовано более 40 научных работ и монографий, статей в научных сборниках и журналах. Аспирантка Казахского педагогического института Храпченкова Н.И. пересмотрела более 200 архивных дел о развитии дошкольного воспитания в Казахстане в 1940–1980-е гг.; Штефанова О.И. – аспирантка КарГУ изучала проблемы преодоления социальных различий между рабочими и ИТР в период совершенствования социализма; будучи стажером-исследователем КазГУ им. аль-Фараби Сактаганова З.Г. начала собирать архивный материал по теме «Деятельность первичных парторганизаций по распространению БФОТ на промышленных предприятиях республики (1976–1985)» [4, с.116].

Один из исследователей Карагандинского архива доцент кафедры научного коммунизма Карагандинского политехнического института, к. и. н. Иосиф Портной в одном из выступлений сказал: «Сегодня мои исследования возможно устарели и уже не представляют такого интереса, какой был в момент их публикации. Да, тогда было другое время – со своими требованиями и правилами жизни. Сейчас – время иное, и это время диктует свои условия. Но никто не знает, что будет завтра и что именно заинтересует будущее поколение. Поэтому мы сохраняем и исследуем все то, что интересно нам, и, надеемся, будет интересно другим» [5, с.208]. В настоящее время все его работы, архивные материалы находятся на хранении в Одесском государственном архиве.

Демократизация доступа к архивным документам, их рассекречивание, возрождение краеведения – все это вызвало значительный рост числа исследователей в читальном зале государственного архива Карагандинской области в первые годы независимого Казахстана. Ученые, краеведы, исследователи стали создавать необходимую научно-историческую и источникo-археoграфическую базу для написания научных трудов в большей мере о репрессивной политике советского государства.

В настоящее время среди исследователей преобладают профессиональные историки, краеведы, а также студенты и школьники, представители всех учреждений области. Помимо отечественных исследователей в читальном зале архива работают и исследователи Ближнего и Дальнего Зарубежья. Необходимо отметить, что зарубежные исследователи все чаще изучают документы по истории Казахстана. Так, в 2015 г. в Государственном архиве работали ученые из Америки и Канады по теме: «История развития индустриального Казахстана, космодрома Байконур, горнорудной промышленности, научно-производственных предприятий, по истории населенных пунктов, градообразующих предприятий». Ученый из Франции работал с архивными документами по истории природных рисков и катастроф в Казахстане. В задачу профессора из Национального архива Финляндии входило: выявление и отбор документов, хранящихся в Государственном архиве Карагандинской обл. и имеющих отношение к истории Финляндии. Исследователей из Японии, Румынии, Италии интересовали документы о судьбах военнопленных. Священнослужители из Германии и Украины собирали архивные документы по истории религиозных течений. При написании докторских диссертаций ученые из Польши, Германии и Чеченской Республики использовали архивные документы по истории репрессированных народов в регионе.

Казахстанскими исследователями на основе архивных документов были подготовлены монографии и научные работы по темам: формирование поликультурного общества как один из факторов успешного развития Республики Казахстан; историко-экономический аспект сельскохозяйственной деятельности Карлага НКВД; подвиг женщин-карагандинок в годы Великой Отечественной войны; возрождение государственного суверенитета и независимости Республики Казахстан; архив – неисчерпаемый источник самоактуализации; повседневность Карагандинской обл. и др.

Учитывая большое значение документальных публикаций для развития исторической науки государственный архив Карагандинской обл. ежегодно издает сборники архивных документов по различным темам. Многие документы, помещенные в эти издания, были

неизвестны не только широкому кругу исследователей, но и историкам – специалистам. Так, в преддверие 65-й годовщины Великой Победы над фашизмом сотрудниками архива был подготовлен сборник документов и материалов военных лет. Большая часть документов, включенных в сборник, составляют документы Карагандинского обкома партии, Карагандинского горкома партии, Карагандинского облисполкома, Карагандинских военкоматов, которые значились под грифами «Секретно» и «Совершенно секретно» (рассекречены). В документах содержится информация о мобилизации людских и материальных ресурсов области на нужды войны, о перестройке работы всех предприятий, учреждений и организаций на военный лад, формировании национальных войсковых соединений, о подготовке и направлении конского поголовья, фуража, техники, боеприпасов и продовольствия в РК КА, о приеме и размещении эвакуированных с запада страны учреждений, организаций и граждан, возрождении всеобщего военного обучения, о размещении эвакогоспиталей, о введении карточной системы, о сборе средств, о работе женсоветов и др. Здесь же был опубликован список умерших военнопленных, уроженцев Карагандинской обл., захороненных на территории Германии, составленный на основе данных, предоставленных в 2008 г. объединением «Саксонские мемориалы» в рамках проекта «Советские и немецкие военнопленные и интернированные. Изучение вопросов истории Второй мировой войны и послевоенного периода» [6, с.5].

Военная тема была продолжена в сборнике «Карагандинская область в годы Великой Отечественной войны. Дети тыла». Документы рассказывают о положении такой группы горожан, как дети, о жизни подрастающего поколения, о перестройке учебных заведений на военный лад, о привлечении школьников для оборонных нужд на промышленные предприятия и угольные шахты, об уборке урожая в колхозах и совхозах, о сборе лекарственных растений, об оказании помощи раненым в госпиталях, о шефстве над семьями фронтовиков, об эвакуированных детских домах и интернатах, о системе детских учреждений в годы войны, о беспризорности и безнадзорности, о сборе средств для фронта и т. д. [7, с.4]

Учитывая важную роль исторических документов в формировании нового казахстанского патриотизма государственным архивом совместно с учеными Карагандинского государственного университета им. Е.А. Букетова в 2016 г. была проведена работа по выявлению и изданию сборника архивных документов о деятельности Первого Президента Республики Казахстан Назарбаева Н.А. в Карагандинской обл. за период с 1960 г. по декабрь 1979 г. «Он закалялся у настоящего огня».

Воспитанию национального патриотизма на примере исторического

сознания различных этно-конфессиональных групп, проживающих на территории Казахстана, были посвящены сборники документов «Нас породнила Сарыарка» – о судьбах чеченского и ингушского народов, «Спецпереселенцы в Карагандинской области», «Немцы в Карагандинской области», «Религиозные конфессии Карагандинской области. 30–90-е годы XX века»

К концу XX в. произошел поворот в источниковедении в сторону аудиовизуальных архивных материалов. Кино-, видео-, фотодокументы дают исследователям достоверный зрительный материал, объективно характеризующий многие исторические события и факты, которые не нашли отражения или отражены не полностью в других исторических источниках. Они передают интересы, духовный мир современников и содержат информацию, которая может быть эффективно использована при решении социальных проблем, проблем экономики и культуры.

За последние десять лет Карагандинскими архивистами были подготовлены фотодокументальные альбомы по истории поселка Спасск, памятники воинам Великой Отечественной войны, летопись событий и фактов, посвященная 80-летию Государственного архива Карагандинской обл., фотодокументальный сборник о судьбах чеченского и ингушского народа в Карагандинской области. Все архивные сборники документов обязательно сопровождаются иллюстрированным материалом из коллекций фотодокументов. В сборник документов по истории целинных и залежных земель были включены фонодокументы с воспоминаниями первоцелинников.

Проведя анализ использованных архивных документов, можно прийти к выводу, что в фондах государственного архива Карагандинской обл. прибывают в статусе исторических источников только 35% документов. Иными словами, масса ценных документов, находящихся в архиве, не нашла пока своего исследователя. Довольно велик процент неиспользованных материалов, т. е. фондов и дел, к которым на протяжении даже десяти последних лет практически никто не обращался. Эту проблему можно решить только при тесном сотрудничестве историков – исследователей и историков – архивистов. Находясь на стадии хранения, архивный документ является потенциальным историческим источником. Статус исторического источника архивный документ получает только в процессе его исторического исследования и дальнейшей публикации.

Подлинная историческая информация, содержащаяся в документах НАФ РК, эффективное ее использование позволит ликвидировать пробелы в истории нашего государства.

*Список использованной литературы и источников:*

1. Государственный архив Карагандинской области (далее – ГАКО). Ф.334. Оп.14. Д.305. Л.102–106.

2. ГАКО. Ф.350. Оп.27. Д.5. Л.2–20.
3. ГАКО. Ф.350. Оп.41. Д.454. Л.14–17.
4. ГАКО. Карточки учета исследователей.
5. ГАКО. Ф.645. Оп.1. Д.1348. Л.158.
6. Карагандинская область в годы Великой Отечественной войны. Сборник документов и материалов // Сост. О.Е. Беркун, Л.В. Михеева / Под ред. У.А. Амантаева. – Караганда, 2010. – 272 с.
7. Карагандинская область в годы Великой Отечественной войны. Дети тыла. Сборник документов и материалов // Сост. О.Е. Беркун, Турсынова Ж.Ж. / Под ред. к. п. н. Ж.Ж. Турсыновой – Караганда, 2015. – 277 с.

Шотаев М.Т.

### **Архивтердегі құжаттардың құпиясыздандырылу тарихынан<sup>1\*</sup>**

Архив тарихи және мәдени ескерткіштердің сақталуын қамтамасыз етіп қана қоймай, мемлекет, қоғам және азаматтардың тарихи фактілер мен оқиғаларды білуге және түсіндіруге деген қажеттіліктерін қанағаттандырады. Мемлекеттің құжаттық тарихы, ең алдымен, тарихи-мәдени ескерткіштердің сақталуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ мемлекет, қоғам мен азаматтардың өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыруға, тарихтың көптеген фактілері мен оқиғаларын білуге және түсіндіруге бағытталған архив мекемелерінің қызметі арқасында сақталады. Бүгінгі таңда мемлекетіміздің архив саясаты жаңа бағыт алды. Біріншіден, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Архив және құжаттаманы басқару комитеті мемлекетіміз бен онда тұратын халықтар үшін тарихи және мәдени құндылығы бар архив құжаттарының түпнұсқалары мен көшірмелерін алу үшін үлкен жұмыс атқаруда. Екіншіден, тәуелсіздік алуға байланысты жариялылық пен демократияның арқасында бұрын зерттелмеген көптеген тарихи құжаттар кең аудиторияға қол жетімді болды. Оның ішінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қорындағы «Ерекше папкалар» құжаттары да бар. Сондықтан архившілер жаңа архив құжаттары мен тарихи дереккөздерін түсіну қажеттілігі туралы мәселеге тап болады.

Архив саясатына қатысты кеңестік дәуірдегі зерттеулер кейде күрделі және қарама-қайшылықта болды, әсіресе 30–40-жж. қуғын-сүргіндерге қатысты мәселелер шешілген кезде, бұл архив мекемелеріндегі қызметкерлерге де әсер етті [1].

1988 ж. бастап тарихнамада құжаттарды құпиясыздандыру жөніндегі архивтің қызметіне байланысты жаңа мәселе көтерілді. Олар көптеген жылдар бойы сақталып келген құпия құжаттарды жариялау мәселелерін қарастырады [2].

Қайта құрудан кейінгі уақыттағы архивтік саясатта тарихи құжаттарды зерттеу мәселелерін шешудің жаңа тәсілдеріне басымдық

<sup>1\*</sup> Из истории рассекречивания документов в архивах.

беріледі. Т.И. Хорхордина Ресейдегі 1917 ж. бастап 1980-жж. соңына дейінгі архив ісіне байланысты жаңа қоғамдық сипаттағы ашылулар аясында көптеген мәселелерді көтерді. Монография көптеген нақты материалдарға негізделген және көрсетілген мерзімде архив саласында қолданыста болған кейбір құқықтық нормаларды сыни тұрғыдан қарастырады [3]. Зерттеуші В.А. Савин мемлекеттік архив мекемелерінің партия архивтерімен байланысын талдайды [4]. Автордың пікірінше, партияның құжаттарын Ұлттық Архив қорынан ажырату туралы шешімге байланысты, көптеген архивтік құжаттар оның құрамынан алынып тасталды, өйткені саяси мүдделер қоғамдық және кәсіптік мүдделерден басым болды, және бұл барлық жерде қорлардың бөлінбеу принципінің бұзылуына әкелді.

Зерттеушілердің жұмыстарында әрдайым құжаттардың құндылығын сараптау мәселесі көрініс табады, атап айтқанда М.П. Жукова бұл мәселені тереңірек зерттейді. Принциптері объективті негізде құрылған, бірақ шамадан тыс идеологияландырылған құндылықтарды сараптау теориясына ерекше көңіл бөлінеді [5].

Архив қорларының көптеген зерттеушілері партия архивтерінің тарихын зерттеу мемлекеттік архивтер тарихын зерделеуге қарағанда төменгі деңгейде екенін айтады. Ұзақ уақыт бойы КОКП құжаттары елдің Архив қорынан тыс болған, оларға қол жетімділік шектеулі болған, бұл партиялық архив құрылысының жалпы мәселелеріне де, жеке партия архивтерінің қызметіне байланысты зерттеулер санына да тікелей әсер етті.

Барлық мемлекеттердің архивтерінде жария етілуі ұлттық қауіпсіздікке зиян келтіруі мүмкін қорғаныс, саясат, экономика және елдің тіршілік әрекетін қамтамасыз етудің басқа да мәселелеріне қатысты құпия сипаттағы құжаттар сақталады. Бұл кең таралған халықаралық тәжірибе. ҚР Президентінің Архиві 1917 ж. бергі елдің саяси тарихындағы құжаттарды сақтап келеді және бұған дейін «құпия» немесе «қызметтік мақсатта» жіктелген құжаттарды жария ету және ғылыми айналымға енгізу бойынша тұрақты жұмыс жүргізіп келеді. Мысалы, Францияда, Ұлыбританияда құжаттарды құпиясыздандыру 30 жылдан кейін, Канадада – 35 жылдан кейін, көптеген басқа елдерде мерзімі 30-дан 50 жылға дейін өзгереді.

Мемлекеттік архивтің қол жетімділігі мен ашықтығы бойынша ел мен қоғамның демократиялық деңгейі бағаланады. Құпия құжаттар «Мемлекеттік құпия туралы» 1999 ж. 15 наурыздағы № 349-1 Заңына сәйкес ҚР Президентінің Архивінде де сақталуда. Олардың ішінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің және оның алдындағы Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясының Қазақ өлкелік комитеті, Ресей Коммунистік (большевиктер) партиясының Қазақ өлкелік комитеті, 1918–1991-жж. Коммунистік (большевиктер)



партиясының Қазақ бюросы сияқты ұйымдардың қорлары, жалпы саны 147 мыңнан астам істер бар. Дәл осы қорлар Қазақстандағы Кеңес Одағы Коммунистік партиясының архив қорының негізін құрады. Олардың ішінде елдің саяси құрылымы, күштеп ұжымдастыру, саяси қуғын-сүргін, жер аудару, Ұлы Отан соғысы кезеңі, тың және тыңайған жерлерді игеру, социалистік дәуірдегі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы құпия сипаттағы құжаттар болды. 80-жж. ортасынан бастап ашылуы керек өткенді шолатын ақпараттың жекелеген санаттарын анықтау процесі басталғаннан кейін құжаттарға қол жеткізу жағдайы біршама жақсарды.

Осыған байланысты КОКП ОК жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Қазақ филиалы шектеусіз пайдалану үшін қорлар шеңберін кеңейту мүмкіндігі туралы қорытынды дайындау үшін жұмыс тобын құрды. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті саяси партиялардың, департаменттер мен басқармалардың 9 қорын, партиялық және комсомол оқу орындарының 11 қорын, кәсіподақ органдарында КОКП (б) фракцияларының 40 қорын пайдалануға шектеулерді алып тастау туралы шешім қабылдады. 1992 ж. сәуірде КОКП және оның органдары таратылғаннан кейін партия архивтері ҚРның Архив және құжаттама Бас басқармасына берілді. 1992 ж. тамызда республикалық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ қазіргі кездегі мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың партиялық құжаттарын сақтау және пайдалану үшін Орталық мемлекеттік қазіргі заманғы архиві құрылды. Құжаттарға қол жетімділікті кеңейту бойынша жұмыс жалғастырылды, бірақ ол кескінді сипатта болды. ҚРның 1993 ж. 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңынан кейін құжаттардың құпиясыздандырылуы едәуір серпін алды. 1994 ж. құрылған Үкіметтік комиссияның қызметі нәтижелі болды, бірақ құпиясыздандырылуы тиіс құжаттардың көлемі аз болды. Комиссия еліміздің жетекші архивтерінің кейбір тақырыптағы құжаттар жинағын, соның ішінде партия органдарының қорларын ашты. Дегенмен, тіпті жартылай жүргізілген жұмыс зерттеушілерге үлкен ақпараттық бос кеңістіктерді толтыруға мүмкіндік берді.

1994 ж. 14 қаңтарда Қазіргі заманғы тарих мемлекеттік архив негізінде ҚР Президентінің Архиві құрылды. Алғашқы күннен бастап, ҚР Президентінің, оның Әкімшілігінің және басқа да мемлекеттік органдардың ресми құжаттары көпшілікке жабық емес, ұлттық құндылықтағы басқа архив қорларымен тең деңгейде болатындығы және ҚР Ұлттық Архив қорының құрамына кіретіндігі заңмен бекітілген. Елде жүргізіліп жатқан демократияландыру процестеріне байланысты архив құжаттарды құпиясыздандыруға кірісті. Оның қызметкерлері үлкен дайындық жұмыстарын жүргізді, 1937–1991 жж. арналған құжаттар тізімін жасады.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің және оның алдындағы партиялық билік органдарының құжаттарын ресми түрде жария ету үшін 1999 ж. 15 наурыздағы ҚР «Мемлекеттік құпия туралы» Заңында талап етілгендей, 2004 ж. қыркүйекте ҚР Премьер-Министрінің бұйрығымен ведомствоаралық комиссия құрылды. 2004–2008 жж. комиссия мүшелері 13 мыңнан астам істі, оның ішінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті бюросының, хатшылықтың, жалпы бөлімнің құпия секторының, құрылымдық бөлімшелердің құжаттарының, сондай-ақ Қазақстан Коммунистік партиясының Алматы облыстық және қалалық комитеттерінің қорлары мен құжаттарын қарады және құпиясыздандырды. 1918–1936 жж. 26 мың іс көлемінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің алдындағы ұйымдардың құжаттық тобы автоматты түрде құпиясыздандырылды. Жеке құжаттар және партиялық тергеу материалдары, жеке басқа қатысты ақпараттар болғандықтан ресми құжаттармен бірге «қызметтік пайдалануға арналған» мәртебесі сақталған. Көп жағдайда олар зерттеушілерге бос қызығушылық үшін емес, егер зерттеу тақырыбы жеке тұлғалардың қызметіне тікелей байланысты болса ғана беріледі. Осылайша, ашық қол жетімділікке, соның ішінде тарихтың «ақ таңдақтарына» қатысты құжаттар пакеті енгізілді.

Құпиясыздандыру басталған кезде, ҚР Президентінің Архиві бұрынғы құпия құжаттарды ғылыми айналымға енгізе бастады. Архив ұжымы және Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтымен бірге жұмыс жасаған алғашқы басылымдардың бірі екі томдық «Грозный 1916 год» [6] еді. Онда оқырмандар Торғай облысындағы көтерілістің жетекшілерінің бірі Ә. Жанбосынов туралы құжаттарды, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов туралы мәліметтерді таба алады. Құжаттардың ашылуы 1929-жж. Қазақстандағы ұжымдастыру мен ашаршылық туралы жұмысты бастауға мүмкіндік берді. 1991 ж. КОКП Қазақ өлкелік комитеті № 141 қорының архивтік құжаттарының негізінде трагедияға куәгерлердің хаттарының тақырыптық жинағы жарық көрді. Сонымен, Павлодар ауданының № 4 Качира ауылдық кеңесінің тұрғыны Нұрғали Дүйсенбиевтің 1932 ж. 10 ақпандағы Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің төрағасы М. Калининнің атына жазған хатында: «Қазақстанда тұратын барлық халық аштықтан өлуде, кейбір жерлерде бүкіл ауылдар ашаршылықтан қырылуда. Егіс шықпады, барлық мал мемлекетке өткізілді, ал мемлекет колхозшыларға нан бермейді» деп жазылған.

ҚР Президенті Архивінің құжаттарының негізінде Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты мен ҚР Орталық мемлекеттік архиві «1931–1933 жж. Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру және аштық» [7] құжаттар жинағын дайындады.

Барлығы 92 құжаттың 80-і алғаш рет жарияланды. 2011 ж. Мәскеуде жарық көрген «1929–1934 жж. КСРО-дағы аштық» құжаттар жинағына ҚР Президентінің Архивіндегі 13 құжат енгізілді. Солардың ішінде – БКП (б) Қазақ өлкелік комитетінің уәкілетті өкілі А. Розыбакиевтен БК (б) Қазақ өлкелік комитетінің екінші хатшысының І. Құрамысовқа 1932 ж. қаңтардағы жеделхаты: «Павлодар облысында желтоқсанның екінші жартысынан бастап, қаңтарда, толық емес мәліметтерге сәйкес, 515 аштан өлгендер, иттердің, өлген жануарлардың етімен тамақтанудың көптеген оқиғалары байқалды» деген мазмұнда берілді.

XX ғасырдың басындағы саяси тарихқа бес кітаптан тұратын төрт томдық «Алаш қозғалысы» [8] басылымы арналған. Оған ҚР Президентінің Архиві мен ҚР Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің архивімен қатар Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарихы архивінің де құжаттары да енгізілді. Құжаттардың 80%-ы алғаш рет жарияланған. Мысалы, КСРО-дағы МСБ-ның уәкілетті өкілі Каширин жасаған, 1921 ж. 1 қазаннан 1922 ж. 1 қаңтарға дейінгі кезеңдегі Ә. Бөкейханов, А. Кенжин, С. Меңдешев және т. б. саяси қайраткерлердің Алаш Орда, қазақ ұлттық топтарының жағдайы және қызметі туралы есептері мен түсінікхаттары, баяндау жазбалары қамтылған. Аталған құжаттар жинағы қазақ зиялыларының Алаш қозғалысына қатысуына байланысты партиялық тексерулерден өтуінің барысы, аталған кезеңдегі қызметтері үшін алған жазалары туралы кеңінен баяндайды.

«Ерекше папкалардың» мазмұны әрқашан үлкен қызығушылық тудырады. Жариялау үшін құжаттар, шешімдер және оларға қосымшалар тандап алынды, олардан «аса құпия» мөртабаны алынды.

Қазақстан Компартиясы ОК бюросы мен Қазақ КСР-і Халық Комиссарлары Кеңесінің отырыстарында талқыланған мәселелер ел өмірінің әртүрлі салаларына қатысты болды. Хаттамалар, куәліктер мен есептер жұмылдыру жұмыстарын, экономиканы қайта жасақтауды және соғыс уақытының қажеттіліктеріне бағынуын, эвакуацияланған кәсіпорындарды, азаматтарды қабылдау және орналастыру, қорғаныс өндірістерін орналастыру, әскери бөлімдер, еңбек армиясына арналған жұмыс колонияларын құру, жер аударылған халықтарды орналастыру және жұмысқа орналастыру мәселелерін қамтиды. Осы себепті «Ерекше папкалар» құжаттарындағы материалдар еліміздің тарихын зерттеуде дереккөз ретінде маңызы зор.

ҚР Президентінің Архиві Ұлттық Архив қорының құжаттарын кеңінен қолдануды және ғылыми түрде жариялауды ұйымдастырды. Зерттеушілерге бұрын қол жетімсіз құжаттарды танымал етуге және ғылыми айналымға енгізуге ерекше көңіл бөлінеді. Архив қорында сақталған қорларының ішіндегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің құжаттарының кейбірінің мазмұнына құпиялық режимнің болуы олардың ұзақ уақыт бойы зерттеушілерге қол

жетімсіз болуына әкелді. 2004–2008 жж. құпияны жариялау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның жұмысының нәтижесінде құпиялық мөр 1937–1991 жж. 40 мың істен алынып тасталды. Атап айтқанда, бұл «Ерекше папкалар» деп аталатын материалдар. Бұл термин 1920–1930 жж. пайда болды. «Ерекше папкалар» жолағында құжаттың орналасқан жері көрсетілген: басқа құжаттар орналасқан жерде емес, басқа жерде сақталатын «Ерекше папкалар». ҚР Президентінің Архивінде 1937–1991-жж. арналған «Ерекше папкалар» құжаттық кешені сақталып қалды. Кеңес дәуіріндегі саясат пен экономиканы, қоғам мен мәдениетті қамтитын құжаттардың мазмұнында ХХ ғ. Қазақстанның саяси тарихы тұрғысынан ең қызықты мәліметтер келтірілген.

ҚР Президенті Архивінің «Ерекше папкалар» құжаттарын осы уақытқа дейін құпиялылығына байланысты тарихи архивтанулық тұрғыдан ешқандай зерттеу жүргізілмеген, тек ҚР Президенті Архивінің ұйымдастыруымен бірнеше археографиялық жинақтар жарық көрді.

«Қазақстандағы 1937–1938 жж. саяси қуғын-сүргіндер» [9] атты жинақта аталған кезеңдегі саяси нәубеттің тарихы архив құжаттарының көмегімен баяндалады. Бұрынғы КСРО-да жеке тұлғаға қарсы қуғын-сүргін шаралары 1920 жж. басталып, соңы 50 жж. ортасына дейін жүргізілгенімен, ең ұшар биігі дәл осы жылдары күшейді.

Жарияланған құжаттар тоталитарлық мемлекеттің қоғамдық санаға әсер ету механизмін, азаматтардың жаппай қырылуы мен қоғамның болып жатқан процестерге реакциясы мен режимнің тәртібін орындаудағы әкімшілік органдардың нысандары мен әдістерін көрсетеді. Бұған дейін баспа түрінде жарияланған топтамаға «құпия» және «аса құпия» деп белгіленген құжаттар қосылған.

«Қазақстандағы поляктар тарихынан (1936–1956)» [10] атты құжаттар жинағы. ҚР халқының қазіргі заманғы көп этникалық құрамы ұзақ тарихи кезең ішінде дамыды. Бұл процеске ХХ ғ. қоғамдық-саяси оқиғалар, ең алдымен, әртүрлі әлеуметтік және этникалық топтардың, соның ішінде поляктардың күштеп қоныс аударылуы әсер етті. Жинақта Қазақстандағы поляк ұлтты кеңес азаматтарының жағдайы, поляктардың республикаға Украинадан күштеп қоныс аударылуы және орналасуы, Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі поляк азаматтарының депортациялануы, республикада поляк елшілігінің делегацияларының құрылуы, поляк патриоттары одағының қызметі, поляк әскери құрамының құрылуы туралы құжаттар жарияланған.

«Құпиясыздандырылған соғыс: Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитетінің «Ерекше папкалары» . 1941–1945 жж. Құжаттар жинағы» [11]. Жинақта құпиялықтың ең жоғары формасындағы қолтаңба мөрі алынып тасталған Халық Комиссарлар Кеңесінің және Қазақстан Компартиясы Орталық

Комитетінің шешімдері және Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қосымшалар сияқты құжаттар жарияланған. Бұл құжаттар соғыс жылдарындағы республиканың қызу өмірін куәландыратын түрлі мәселелерді көрсетеді.

Архивтердегі құжаттардың құпиясыздандырылуы Қазақстанның саяси тарихының ақтаңдақ беттерінің толықтырылуына септігін тигізетіндігі сөзсіз. Қазақстан тарихының фактологиялық деректерінің ғылыми айналымға түсірілуі архивтердің маңыздылығын арттыра түседі.

*Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі:*

1. Пшеничный А.П. Репрессии архивистов в 30-х годах. // Советские архивы (Москва). – 1988. – № 6. – С.44–48.

2. Рунге В.Ф. Архив секретов не хранит. // Советские архивы (Москва). – 1989. – №6. – С. 4–9.

3. Шепелев В.Н. Центральный партийный архив открывает свои фонды. // Советские архивы (Москва). – 1990. – № 4. – С.29–32.

4. Хорхордина Т.И. История и архивы. – М.: РГГУ, 1994. – 358 с.

5. Савин В.А. «Хранить нельзя уничтожить». Формирование Государственного архивного фонда в РСФСР – СССР в 1920–1950-е гг. – М.: РГГУ, 2000. – 225 с.

6. Сборник документов «Қаһарлы 1916 жыл. Грозный 1916-й год», в 2-х томах – Алматы: Қазақстан, 1998.

7. Насильственная коллективизация и голод в Казахстане в 1931–1933 г. Сборник документов и материалов / Вступ. статья и сост. К.С. Алдажуманов, М.К. Каирғалиев, В.П. Осипов, Ю.И. Романов. – Алматы: Фонд «XXI век», 1998. – 263 с.

8. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Движение Алаш. Сборник документов и материалов. 1 т. Сәуір 1901 ж. – желтоқсан 1917 ж. – Апрель 1901 г. – декабрь 1917 г. – Алматы: Алаш, 2004. – 552 б.; 2 т. Желтоқсан 1917 ж. – мамыр 1920 ж. Декабрь 1917 г. – май 1920 г. – Алматы: Алаш, 2005. – 496 б.; Сәуір 1920–1928 жж. Апрель 1920–1928 гг. – Т.3. Кн.1. – Алматы: Ел-шежіре, 2007. – 304 б.; Қантар 1929 ж. – шілде 1938 ж. Январь 1929 – июль 1938 гг. Т.3. кн. 2 – Алматы: Ел-шежіре, 2007. – 344 б.; Алаш қозғалысы. Мәселенің зерттелу тарихынан. Құжаттар мен Құжаттар мен материалдар жинағы. Движение Алаш. Из истории изучения вопроса. Сборник документов и материалов. 1918– 2007 гг. Т.4. – Алматы: Ел-шежіре, 2008. – 472 б.

9. Политические репрессии в Казахстане в 1937–1938 гг. Сб. документов. – Алматы: Қазақстан, 1998. – 336 с.

10. Из истории поляков в Казахстане (1936–1956 гг.) Сборник документов. АП РК. – Алматы: Қазақстан, 2000.

11. Чиликова Е.В. «Особые папки» ЦК Компартии Казахстана. Электронный ресурс [Режим доступа]: URL: <https://e-history.kz/ru/publications/view/5179> (дата обращения 18.11.2019).

Маканбаев Т.Д.

## Из истории формирования архива КазНУ им. аль-Фараби<sup>1\*</sup>

20 октября 1933 г. Совнарком СССР принял Постановление № 2293 «О подготовке кадров для Казахстана», в котором было зафиксировано решение об организации в г. Алма-Ата Казахского государственного университета – КазГУ. 15 января 1934 г. вошло в историю, как день официального основания университета. В тот день были зачислены первые 54 студента биологического и физико-математического факультетов, приступившие к занятиям в здании бывшей Верненской мужской гимназии. 1 сентября этого года открылся химический факультет. 2 декабря 1934 г. Казахскому государственному университету было присвоено имя советского партийного и государственного деятеля С.М. Кирова [1].

Архив КазГУ им. С.М. Кирова был создан в октябре 1937 г. Разместился в помещении площадью 47 кв. м., не имеющем вытяжной вентиляции, протяженность стеллажей составляла 80 м. Справки печатались в машинном бюро в порядке очереди, машбюро находилось на 3 этаже.

Начиная с 1937 г. архив КазГУ им. С.М. Кирова ежегодно сдавал отчет в Центральный государственный архив КазССР.

Документы находились на хранении в архиве с 1934 г. по 1967 г. В архиве в эти годы имелись три фонда: Казахский Национальный университет с 1934 г. по 1967 г. (50 838 дел); Алма-Атинский юридический институт с 1934 г. по 1955 г. (8167 дел); Всесоюзный юридический заочный институт с 1939 г. по 1951 г. За 1957–1965 гг. для сдачи в Центральный государственный архив было обработано 600 дел. В течение 1968 г. выдано 500 справок и 300 дел.

За период 1966 г. архив госуниверситета провел обработку документальных материалов за 1938–1956 гг. и подготовил к сдаче в Центральный архив документы в количестве 821 единицы, 723 единицы хранения выделены и сданы в макулатуру. За этот год архив выдал документы, справки, ответы, на запросы в количестве 401 единиц хранения, а также личные дела факультета в количестве 400 дел. Были приняты личные дела студентов заочного отделения за 1964 г.

В 1964 г. архив занимался обработкой и подготовкой к сдаче в Центральный архив документальных материалов факультетов и кафедр за 1957–1966 гг.

В свое время в архиве за 1934–1967 гг. отложилось 59 107 дел, из них было отработано 57 107 дел.

Заведующими архивом за весь период его функционирования были: Перерва Иван Леонтьевич с 1946 г. по 1961гг.; Никифорова Эльмира<sup>1\*</sup> эл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің архивінің қалыптасу тарихынан.

Михайловна с 1961 г. по 1962 г.; Ахметова Гайни Калдыбаевна с 1962 г. по 1967 г.; Егорова Зинаида Николаевна с 1967 г. по 1971 г.; Алибеков Манабай с 1971 г. по 1973 г.; Каржасова Нарша Сабитовна с 1973 г. по 1992 г.; Бекбаева Роза Сакенова с 1992 г. по 2011 г.; Махмутов Айдос Эльбрусович с 2011 г. по 2013 г.; Жылгендиева Алтынтул с 2013 г. по настоящее время.

На основании Постановления Кабинета Министров Казахской ССР от 23 октября 1991 г. № 629 Казахский ордена Трудового Красного Знамени государственный университет им. С.М. Кирова был переименован в Казахский государственный университет им. аль-Фараби.

Постановлением Президента РК от 9 января 1993 г. № 1059 университету был предоставлен статус национального и вуз стал именоваться – Казахский государственный национальный университет им. аль-Фараби.

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 5 июля 2001 г. № 648 «О предоставлении особого статуса отдельным государственным высшим учебным заведениям» КГНУ им. аль-Фараби был переименован в Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Казахский национальный университет имени аль-Фараби» Министерства образования и науки РК.

Ведомственные архивы являются первой ступенью хранения архивных документов, передавая их по истечении срока хранения в государственные архивы. Архив КазНУ им. аль-Фараби является источником комплектования ЦГА РК, фонду присвоен № 1352.

Управление кадровой и архивной работы КазНУ им. аль-Фараби, входит в состав Административного Департамента Университета. В рамках своей компетенции управление кадровой и архивной работы устанавливает взаимодействие со всеми структурными подразделениями Университета по вопросам: курирования работающих сотрудников, их внутреннего кадрового перемещения, подбора профессионального персонала для работы в университете, проведения аттестации и ротации среди сотрудников. Общая площадь отдела хранения документов и выдачи архивных данных составляет 348,3 кв. м. Архивохранилища – 254 кв. м. На данный момент количество документов составляет около 254,276 ед. хр. В Архиве КазНУ им. аль-Фараби хранятся дела постоянного хранения, личные дела сотрудников, аспирантов, студентов, иностранных студентов, а также учащихся колледжа. Архив КазНУ им. аль-Фараби принимает на хранение дела от канцелярии учреждения или структурных подразделений.

*Список использованной литературы:*

1 Брновицкая А., Малинин Н. Алма-Ата: архитектура советского модернизма 1955–1991. – М., 2018. – 352 с. – С.309.

Есеболат А.

## Архивтердегі ғылыми-техникалық құжаттамаларды пайдалану формалары<sup>1\*</sup>

Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретінде орнығуы, қоғам өмірінің әдеттегі тұрмысын күрт өзгертті. Еліміздегі қоғам өмірінің әртүрлі салаларына өзгерістер енгізіліп, олардың тәуелсіздік жағдайындағы мемлекеттік реттеу жұмыстары жүргізілді. Мұндай өзгерістер реті, еліміз аумағында қызмет ететін архив саласына және оның кейбір қызметтеріне де әсерін тигізді.

Кез-келген архив өз қызметі барысында Ұлттық архив қорына жататын құжаттарды жинақтаумен, сақтаумен және оны пайдалануды ұйымдастырумен айналысады. Бұл аталған үш жағдай, архивтердің басты мақсаты болып табылады. Қоғамда орын алатын кез-келген мәселе секілді, архив саласы да мемлекет тарапынан реттеуге жатады.

Ғылыми-техникалық процесстің үлкен қарқынмен дамуы еліміздегі ғылыми зерттеу, технологиялық, конструкторлық және жобалық ұйымдардың ұлғаюына септігін тигізді. Осындай ұйымдардың қызметі нәтижесінде, ғылыми –тарихи және ауыл шаруашылық маңызға ие ғылыми-техникалық құжаттама пайда болады. Осы құжаттамаларды орталықтандырылған сақтау жұмыстарын қамтамасыз ету мақсатында Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1974 ж. 7 ақпандағы № 50 қаулысына сәйкес Қазақ КСР Орталық Мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама архиві ұйымдастырылады (бұдан әрі ОМТҒҚА) [1].

Уақыт өте келе қоғамның архивтердегі сақталған құжаттарға қызығушылығы артып келе жатқандықтан архивтің басты міндеті пайдаланушылардың ақпараттық қызығушылығын қанағаттандыру.

Сол себепті, ОМТҒҚА алғаш құрылған кезінен бастап қазіргі күнге дейін өзінің басты міндетін, яғни ғылыми-техникалық құжаттаманы сақтау және оның жан-жақты пайдалануын ұйымдастыруды қамтамасыз етуде. Алайда, архив жұмысы дәстүрлі бағытта жүргізілсе де, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, нарықтық қатынастарға көшу, Ұлттық Архив қоры туралы заңның жоқтығы және мемлекеттік емес жеке меншік формасына өткен ұйым және мекемелермен байланыстың жартылай жоғалуы сияқты бірнеше қиындықтар туындады, сол себепті архив қызметінің негізгі бағытына ірқатар өзгерістер енгізіліп, жаңа шарттар негізінде құжаттар есебін жүргізу, сақтандыру қорларын құру, архив құжаттарын пайдаланылуын арттыру жұмыстары сияқты архив қызметін жақсартудың, пайдалану аясын кеңейтудің жаңа жолдары қарастырылды [2].

---

<sup>1\*</sup> Формы использования научно-технической документации в архивах.

АР 05135746 «Ақпараттандыру жағдайында архив құжаттарын сақтау әдістерін жетілдіру: Қазақстанның мемлекеттік архивтеріне халықаралық тәжірибелерді енгізу» жоба аясында дайындалды.



Құжаттарды насихаттау үрдісінің маңызды формаларының бірі – архивтердің басылымдық қызметі. Олар ақпараттық дереккөздерді ғылыми айналымға енгізуге, генеологиялық ізденіс жұмыстарын жүргізуге және ғылыми жұмыстарды жазудың негізі болып табылады. Жарияланымдар жасау арқылы көпшілік архивтердегі сақтаулы тұрған құжаттардағы ақпаратпен, өзі сүріп жатқан қоғам және оның кейбір салаларының даму үрдісінің қалай жүргендігі, еліміздегі маңызды тарихи оқиғалардың себеп-салдары жайлы, отандық медицина, техника, сәулет-құрылыс сияқты жаратылыстану ғылымдарының қалыптасу тарихы және оның өкілдерінің өмірімен, қызмет барысымен, сіңірген еңбектерімен танысып, мол ақпарат алады. 1991 ж. бастап архив басшылығы мемлекеттік сақтауға алынған құжаттардағы ақпараттық қорды ашу және олардың пайдалану аясын кеңейтуге барынша талпынды.

Кез-келген архив өз қызметі барысында құжаттарды жинақтаумен, келешек ұрапаққа жеткізу мақсатында сақтаумен және сақталған ақпаратты пайдалану мақсатында бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жариялау жұмыстарымен айналысады. Архивтің жарияланымдық қызметі өз алдында маңызы зор жұмыс болып табылады. Себебі, құжаттарды жариялау арқылы, архив қорларындағы құжаттарды насихаттау, олардың мазмұнымен танысу және анықталмаған жаңа мәліметтерді ғылыми айналымға енгізу, сонымен қатар, отандық тарихты жазудағы кейбір «ақтандақ» мәселелерді зерттеу мүмкіншілігі туады.

Аталған ҚР ОМҒТҚА мекемесінде басылымдық қызметімен Ақпарат және құжаттарды пайдалану құрылымдық бөлімшесі айналысады. Бөлім ережесіне сәйкес, Ақпарат және құжаттарды пайдалану бөлімі Орталық Мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама архивінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Бөлім өз қызметін ҚР 1998 ж. 22 желтоқсандағы «Ұлттық архив қоры және архивтер» Заңына, Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Архивтерді басқару комитеті ұсынған әдістемелік әдебиеттер мен нұсқаулықтар негізінде атқарады. Бөлім атқаратын жұмыстардың көлемі архивтің жылдық жоспарында баяндалады. ОМҒТҚА директоры бекіткен Ережеге сәйкес, бөлімнің негізгі міндеттеріне ҚР Ұлттық архив қорындағы құжаттарды насихаттау, жарияланымдық және басылымдық қызметті жүргізу жатады [3].

1998 ж. 22 желтоқсандағы ҚР «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Заңына сәйкес ҚР Ұлттық архив қоры құжаттарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану аясындағы қоғамдық қатынастарды реттейді. Аталған Заң архив саласының түрлі аспектілерін, оның ішінде архив саласына қатысты терминдер мен анықтамаларды, Ұлттық архив қорының жағдайы мен құрамын, Ұлттық архив қорының құрамына құжаттарды мемлекеттік сақтауға қабылдау, олардық сақталуын

камтамасыз ету шарттарын, құжаттарды халық игілігіне пайдалану мәселелерін, архив саласын мемлекеттік реттеу ретін, архив саласы бойынша халықаралық қатынастар мен байланыстарды айқындайтын 6 тараудан тұрады. Осы заңның 17-бабына сәйкес, архив қызметкерлері немесе пайдаланушылар құжаттарды жариялауда, міндетті түрде олардың сақталу орнын және оның иесін көрсетуге міндетті [4].

Құжаттар мен материалдарын жинақтарын жариялау барысында ҚР ОМҒТҚА – мен пайдаланылатын негізгі нормативтік – әдістемелік құжат, ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің 2011 ж. 16 қарашадағы № 349 «Ұлттық архив қорының құжаттарын басып шығару қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы болып табылады. Аталған Заң архивтердің жарияланымдық қызметін реттеу мәселелері айқындалған тараудан тұрады. Аталған өкімдік құжат ҚР Ұлттық архив қорының құжаттарын басып шығару тәртібін анықтайды. Бұйрық мазмұнына сәйкес, құжаттарды басып шығару жарияланатын деректердің мақсатты бағытымен, міндеттерімен, сипатымен, соған сәйкес археографиялық және полиграфиялық дайындақ әдістерімен ерекшеленеді. Бұл ерекшеліктер басылымдарды типіне, түріне және нысанына қарай бөлуге, сонымен бірге құжаттарды басып шығарудың тәсілдерін таңдауға негіз болады. Құжаттық басылымдардың типтері олардың бағытымен айқындалады: ғылыми, ғылыми – көпшілік және оқу басылымдары. Ғылыми типті басылымдар ғылыми зерттеулер үшін арналған. Олардың мақсаты – зерттеушіге құжаттардың толық мәтінін беру, олардың тарихын айқындау, сыртқы ерекшеліктерін, басқа тарихи деректердің арасынан жарияланған құжаттардың орнын анықтау.

ОМҒТҚА құрылған кезінен бастап, қазіргі күнге дейін, өзінің басты міндеті, құжаттарды сақтаумен қатар, оларды ғылыми ағарту, зерттеу мақсатында халыққа насихаттау жұмыстарын жүргізіп келеді.

1991 ж. бастап архив басшылығы сақталған құжаттардағы ақпараттық қорды ашу және пайдалану аясын кеңейтуге барынша талпынды, сол мақсатта пайдаланудың бірнеше формалары ұсынылды.

Олар: мерзімді басылым беттеріне мақала жариялау; құжатты жинақтар; радио-телебағдарламалар; тақырыптық көрмелер.

Архивте сақтаулы тұрған құжаттардағы ақпаратты насихаттаудың аталған түрлерін ОМҒТҚА қызметкерлері қазіргі таңға дейін қолданып келеді.

ОМҒТҚА қызметі жайлы ақпарат беретін жылдық есеп құжаттарынан архивте басылымдық қызметтің дамуын көруге болады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында-ақ, сақтаулы құжаттарды (көп жағдайда патенттік, конструкторлық және зерттеу құжаттамалары) насихаттау және олар жайлы ақпараттандыру, сондай-ақ, кәсіпкерлер мен пайдаланушылардың назарын аудару мақсатында ОМҒТҚА «Алма – информ», «Рассвет» фирмаларымен келісім шарттар жасасты.

Сонымен қатар, «Алма – информ» фирмасына архивте сақтаулы құжаттар мазмұны жайлы ақпарат беретін жарнамалық материалдар дайындалып, тапсырылды.

ҚР ОМҒТҚА қорларында ғылыми-техникалық мекемелердің құжаттары сақталғандықтан, архив заңды тұлғалармен тығыз қарым-қатынас орнатуға барынша назар аударылды. Аталған ғылым салаларының құжаттарын жинақтап, қор ашу мәселесі, ғылыми мекемелердің мерейтойларына қатысты бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ақпарат беру жұмыстарына көп көңіл бөлінді. Архив қызметкерлерінің, ғалымдардың еңбектері, мақалалары сұраныс бойынша ғылыми бейіндегі журнал, газеттерге, сәйкесінше архив саласындағы журналдарға жарияланып отырды.

Ал, ҚР Президентінің Архивінде басылымдық қызметтің түрін атқаратын арнайы басқарма ұйымдастырылған. Құжаттарды ғылыми жариялау басқармасының негізгі қызметі ҚР Ұлттық архив қорының құжаттарын кеңінен пайдалану және оларды жариялау, Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихын зерттеудегі мемлекеттік және қоғамдық қажеттілікті қамтамасыз ету болып табылады. Құжаттарды ғылыми жариялау басқармасының Ережесіне сәйкес басылымдық қызмет, яғни құжаттарды іздеп табу мен іріктеуден, құжаттар мәтіндерін таңдау мен ұсынудан және оларға ғылыми-анықтамалық аппарат құрастырудан тұратын құжаттық басылымдар дайындау жұмыстары жасалады. Құжаттарды ғылыми жариялау басқармасы тәжірибелік археографиямен айналысады. Басқарма қызметкерлері тек құжаттар жинақтарын, анықтамалықтарды дайындаумен ғана айналыспай, тарихи және өлкетанулық зерттеулер де жүргізеді, оның нәтижелері конференцияларда баяндалып, ғылыми журналдар мен БАҚ-та жарияланады. Құрылымдық бөлімше мамандары ғылыми-тәжірибелік конференцияларды ұйымдастыру мен естеліктерді жинауға қатысып, оның материалдарын басып шығарады; археография мәселелері бойынша анықтамалықтар, аналитикалық шолулар мен әдістемелік құралдар дайындайды. Басқарма мамандарының күшімен саяси қуғын-сүргіндер, өлкетану, Қазақстандағы архив ісі тақырыптары бойынша жеке тектік құжаттар топтамалары жинақталып, топтастырылған. Архившілердің басты міндеті – құжаттарды жинақтау және сақтау, қызығушылық білдіргендерге аталған ақпаратты ұсыну болып табылады. ҚР Президентінің Архиві ХХ ғ. өмірбаяндық мәліметтері бар әлеуметтік және саяси тарихқа қатысты бірегей құжаттарға ие. Соңғы жиырма жылдықта архивтердің жаппай құпиясыздануына байланысты зерттеушілер бұрын-соңды пайдалануға берілмеген құжаттарға қол жеткізді. Бұрынғы құпия құжаттарды жариялаудың және оларды басылымға шығарудың Қазақстан тарихын зерделеу үрдісінде үлкен ғылыми мәні бар [5].

Республикамыздың архивтері қазіргі заманғы саяси тарихтың деректерінің, ғылыми – техникалық құжаттардың мемлекеттік сақталуы мен пайдаланылуын ұйымдастыратын бірегей орталықтар болып табылады. Бұл мекемелерде сақталған құжаттар еліміздегі мемлекеттік басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктер мен саяси партиялардың қызметін, ғылымның, техниканың және түрлі өндіріс салаларының дамуын кезең – кезеңімен бейнелейді. Сондай-ақ, еліміздегі ірі сәулет – құрылыс кешендерінің өткен күндердегі және бүгіндегі бейнесін анықтауға, қала, мекендердің өзгергендігін анықтауға және аталған сала өкілдерінің қоғам өмірінің осы бөлігіне қосқан зор еңбегін зерделеуге мүмкіндік береді. Аталған архивтердің қорларында сақталған құжаттар сипаты бойынша бірегей және сирек болып табылады. Саяси құрылымдық, әкімшілік-аумақтық бөліністер, мемлекеттік басқару ісіндегі тұлғалардың ролі туралы баяндайтын деректер, жобалық, патенттік, сметалық, графиктік құжаттар тек тарихи – мәдени жағынан ғана емес, сондай – ақ, ғылыми қызығушылық тудырады. Аталған архивтердің құжаттары ғылыми – зерттеу жұмыстары үшін ғалымдармен, студенттермен және соңғы жылдары қала құрылыстарын қайта жаңғырту жұмыстарының басталуына орай, түрлі сәулет – құрылыс мекемелері пайдалануды жүзеге асырады. Сонымен бірге, бұрынғы кеңес өкіметі мемлекеттерінен, аталған архивке, архив құжаттарын пайдалану мақсатында шетел зерттеушілерінен түрлі сұраныстар түсуде.

Осыған орай, ҚР ОМҒТҚА құжаттарын пайдалану аясын кеңейту және қор құжаттарының құрамы мен мазмұнымен қоғамды таныстыру үшін, архив тарапынан жарияланатын басылымдар санын көбейту қажет. Сондай-ақ, архивтің құжаттарын пайдаланушылардың аясына тек ғылыми жұмыстармен айналысатын зерттеушілер ғана кірмейтіндігін ескере отырып, қарапайым халыққа тақырыптық, экспозициялық тарихи көрме, экскурсия, мектеп сабақтары сияқты насихаттау түрлерін жиі ұйымдастыру қажет. Қазіргі таңда құжаттарды электрондық нұсқаға көшіру кең өріс алғандықтан, пайдаланушылардың архив материалдарын пайдалануын оңтайландыру мақсатында, архив материалдарының электронды нұсқаларын дербес және кең қолданысқа беру жолдарын қарастырып, әлі де дамытқан жөн.

*Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі:*

1. Орталық Мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама архиві. Бұдан әрі ҚР ОМҒТҚА. 36-қ. 2-6-т. 73-іс. 12–19-п.
2. Сонда. 55-іс. 1–6-п.
3. Сонда. 312-іс. 10–13-п.
4. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1100007342/links>
5. <http://archive.president.kz/ob-arhive/upravleniya/upravlenie-arhivnyh-technologij/>

Төленов А.К.

## **ҚР Президентінің Архивіндегі БК(б) П Қазақ өлкелік партия комитеті қоры мен оның құрамындағы құжаттарға шолу<sup>1\*</sup>**

ҚР Президентінің Архиві (бұдан әрі – ҚР ПА) өткен кезеңдегі еліміздің саяси тарихы жөніндегі құжаттардың аса үлкен қоймасы ғана емес, сонымен қатар, ғылыми мекемелер арасында тарихи білім және өткенді шолатын құжаттық ақпараттардың маңызды орталығы ретінде елеулі орын алады. Архив бүгінгі күні ҚР Президентінің, ҚР Президенті Әкімшілігінің және мемлекет басшысына тікелей бағынатын, есеп беретін мемлекеттік органдардың қызметін ақпараттық әрі архивтік қамтамасыз ету саласында негізгі міндеттерді атқарып, олардың құжаттарын мемлекеттік сақтауға қабылдайды. Архивте кеңес өкіметі орнаған кезден, яғни 1917 ж. қазіргі күнге дейінгі жалпы саны 780 мыңнан аса іс сақталуда.

Соның ішінде ХХ ғ. 20–30 жж. Қазақстан тарихының күрделі кезеңі туралы аса құнды мәліметтер ҚР ПА № 141-қорының құжаттарында сақталған.

БК (б) П Қазақ өлкелік партия комитетінің құжаттары Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің жанынан құрылған Партия тарихы институтына тұрақты сақтауға 1934 ж. бастап тапсырылған, № 141 нөмір берілген. Қор көлемі жағынан үлкен, 8-тізімдемеден тұрады. Хронологиялық шеңбері 1925–1937 жж. қамтитын қорда сақтау бірліктерінің жалпы саны – 24 387. Қор құжаттарының көпшілігі партия құжаттары болып саналады. Бұл құжаттар БКП (б) Қазақ өлкелік партия жұмыстарының негізгі бағыттарын анықтайды. Қазіргі таңда қор бойынша аса құнды құжаттар анықталуда, оның ішінде 4234 құжат аса құнды болып табылады. Қордағы аса құнды құжаттарды төмендегі өлшемдер бойынша анықтайды:

- құжаттың жасалу уақыты;
- құжаттардағы сақталған ақпараттардың құндылығы;
- заңдық күші, құжаттың түпнұсқалығы;
- қорқұрушының маңыздылығы;
- құжаттың авторлығы;
- құжаттың палеографиялық және басқа да ерекшеліктері.

1925–1927 жж. Қазақ өлкелік партия комитетінде мынандай құрылымдық бөлімшелер жұмыс атқарды:

I. Хатшылық;

II. Жалпы бөлім;

Ал партияның негізгі бөлімдері төмендегі бөлімшелерге бөлінді:

---

<sup>1\*</sup> Фонд Казкрайкома ВКП (б) в Архиве Президента РК (обзор документов).

АР05135746 «Ақпараттандыру жағдайында архив құжаттарын сақтау әдістерін жетілдіру: Қазақстанның мемлекеттік архивтеріне халықаралық тәжірибелерді енгізу» жобасы аясында дайындалды.

құпия бөлім; қаржылық-есептеу; кеңсе; шаруашылық бөлім.

Бөлімшелердің ұйымдастырушылық нұсқаушылық бөлімдері болса: есептеу-нұсқаушылық; ақпараттық-статистикалық; көлік бойынша нұсқаушы. Насихаттау бөліміне келер болсақ, ол: насихаттау бөлімшесі; баспасөз бөлімі болып екіге бөлінді.

Қазақ өлкелік партия комитеті аппаратының құрылымы штаттық кестеге сәйкес 1936–1937 жж. төменгі бөлімдерден тұрды: құпия бөлімі мен хаттамалық бөлім Ерекше секторға кірді.

Қордың құрамындағы құжаттары әр түрлі, атап айтсақ: Саяси бюро мен ұйымдастырушылық бюроның директивалары, республикалық партиялық ұйымдары конференцияларының стенограммалары мен хаттамалары, Қазақ өлкелік комитетінің бюро мәжілістерінің материалдары, ұйымдар мен мекемелердегі партия құжаттарын кешенді тексерістерінің қорытындылары, статистикалық есептер, актілер, мәлімдемелер, партия қатарына қабылдау туралы мәліметтер, басқарушы және партия кадрлары туралы мағлұматтар.

Бүкілодақтық большевиктік коммунистік партиясы Қазақ өлкелік комитетінің хатшыларының конференциялардағы, партия съездеріндегі, пленумдардағы, аймақтардағы партия белсенділерінің жиналыстарындағы баяндамалары, сөйлеген сөздері. Жер-су реформалары, республиканың көшпелі және жартылай көшпелі тұрғындарын жерге орналастыру, байырғы халықтың казактармен қарым-қатынасы, тұтынушылар кооперациясын құру, «Қосшы» одағын ұйымдастыру және оның қызметі, шаруалардың өзара көмек комитеттері, мүлікті тәркілеу, ұжымдастырудың жүргізілуі және оның салдары туралы мәлімдемелер, баяндамалар, саяси есептер. Аталған құжаттар тобы 1925–1937 жж. БКП(б)Қазақ өлкелік партия комитетінің негізгі бағыттарын көрсетеді [1]. Қор құжаттарының ішінде Саяси бюро нұсқаулықтары, стенограммалары, жабық мәжілістердің хаттамалары, конференция материалдары, бастауыш партия ұйымдары мәжілістерінің хаттамалары мен материалдары жинақталып сақталған.

Сонымен қатар, ҚР Президенті Архивінің № 141-қорында Т. Рысқұловтың, О. Исаевтың, И. Сталиннің және В. Молотовтың аттарына жазған хаттары көрсетілген, Қазақстанның бірінші басшысы Ф. Голощекиннің сөздері, И. Сталинге жолдаған хаттары, Қазақ өлкелік партия комитетінің хатшысы Л.И. Мирзоянға жолдаған ҚазХШЕБ (Қазақ халық шаруашылығы есебі басқармасы) бастығының орынбасары Н. Мацкевичтің баяндау хаты және т. б. сақталған. Олар өз кезегінде бай-құлақтарды тәркілеу және тап ретінде жою, ет және астық дайындау, жаппай еріксіз отырықшыландыру кезіндегі шаруалардың көрген зорлық-зомбылықтарын, ашаршылықтың зардаптарын баяндайды. Жоғары билік органдарының басшылығына жолданған арыз-шағымдар мен хаттардағы ақпараттардың

маңыздылығын көрсетеді. Партиялық және қоғамдық ұйымдардың құжаттар тобына аталған № 141 қорда топтастырылған партия ұйымының, жергілікті округтік және аудандық партия ұйымдарының күштеп тәркілеу және ұжымдастыру саясатына қарсы халық наразылықтары туралы құнды мәлімет беретін деректерін, Қазақстандағы әр түрлі төтенше науқандарды жүзеге асыру үшін құрылған қоғамдық ұйымдардың, тәркілеу және астық дайындау жөніндегі комиссиялар немесе комитеттердің құжаттарын жатқызады. Кезінде саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар құжаттары құпия бөлімдеріне көшіріліп, оларды пайдалануға шектеу қойылды [2].

Мемлекеттік органдар, мекемелер мен кәсіпорындардың құжаттар тобына Қазақстандағы Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарманың өкілетті өкілдігінің, Мемлекеттік жоспарлау органының, «Живмолсоюз» мекемесінің, «Скотовод» тресінің және т. б. ауыл шаруашылық, өндіріс орынадарының басшылық органдарының деректік құжаттарын жатқызды.

Қорда Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарманың Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне ұсынған ақпараттық құжаттары да сақталған. Бұл дереккөздер 1929 ж. Тақтакөпір, Батпаққара, Бостандық, 1930 ж. Ырғыз, Қарақұм, Қызылқұм, Созақ, Балқаш, Сарқанд, 1931 ж. Шығыс Қазақстан, Шұбартау, Абыралы, Шыңғыстау, Адай даласында және т. б. өңірлерде орын алған жалпы халықтық қарсылықтар туралы ереккөздері арқылы тарихымыздың беттеріндегі «ақтаңдақтар» мәселелерімен көпшілікті таныстырады. Шұбартау, Шыңғыстау, Абыралы көтерілістеріне қатысып, тұтқындалғандардың тізімін беріп, олардың кезінде «бандиттік», «әлеуметтік-қауіпті элементтер» және «контрреволюциялық» бас көтерулер ретінде жағымсыз тұрғыдан бағаланып және сипатталып келгендігін зерттеушілер осы қор негізінде ашып көрсетуге мүмкіндік алады [3].

Зерттеушілер осы қорда сақталған Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарманың құжаттарын, әсіресе 1929–1931 жж. Қазақстанда орын алған шараларды: күштеп меншігінен айыруға және ұжымдастыруға қарсы болған бұқаралық наразылықтар туралы нақты мәліметтер беретін арнайы деректер деп ерекше бөліп қарастырады.

Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарма органдарының құпия барлау құжаттарының тағы бір маңызды бөлігі күштеп ұжымдастыру жылдарындағы қазақ шаруаларының қоныстарынан ауа көшу, босқыншылыққа ұшырау қасіретін ашып көрсетеді. Әсіресе, қазақтардың шекаралас елдерге ауа көшуі, Қытай өкіметінің эмигранттарды көшіріп жіберуге көзқарасы, шетелдегі қазақтардың қарулы жасақтары, босқындарды Қытайдан көшіріп жіберуі туралы, Қытай өкіметінің қазақ эмигранттарын КСРО-ға қайта көшіріп жіберуге байланысты шаралары, Батыс Қытайдағы босқындардың

жағдайы, Қытайдағы қазақтардың ұлтшыл контрреволюциялық орталығының қызметі туралы құнды мәліметтер бар. Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарманың Уәкілетті өкілдігінің деректерінің көпшілігі ҚР Президенті Архивінің № 141-қорында шоғырланған. Олардың басым бөлігі негізінен мемлекеттік жазалау органдарының өз қызметтері туралы Қазақстандағы партиялық билік органдарын хабардар ететін жеделхаттары, мәлімдемелері, баяндау жазбалары, есептері. Аталған кезеңде жүргізілген төтенше науқандардың барысын жан-жақты зерттеуде құжаттардың маңызы зор [4].

Мемлекеттік органдардың аса құнды құжаттары осы қорда топтастырылған. Ірі байларды тәркілеуге байланысты жоғары партиялық билік және кеңестік үкімет органдарының, ҚазОАК жанындағы осы мәселе жөніндегі Орталық комиссияның құжаттық материалдары, тәркіленген байлардың істері аталған архивтің қорында, Республика прокуратурасының, Заң халық комиссариатының және Жоғарғы соттың Қазақ бөлімінің тәркілеу, астық дайындау, егін егу және бай-құлақтарды тап ретінде жою науқандарында төменгі органдарға жолдаған төтенше нұсқаулары, қарарлары, Республика Халық комиссарлар кеңесінің шешімдері мен қаулылары және ұйымдастыру шараларының материалдары, БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті хатшылығының, бюро мәжілістерінің аталған мәселеге қатысты шешімдері, отырықшыландыруға және босқындарды орналастыруға байланысты Қазақстан Халық комиссарлары кеңесі жанындағы республикалық комитеттің құжаттары, Мемлекеттік жоспарлау органының, «Живмолсоюз» мекемесінің, «Скотовод» тресінің, Қазақстан Тұтынушылар одағының, Қазақстан сауда халық комиссариатының және т. б. мемлекеттік мекемелердің ет дайындау, мал басын шартқа отырғызу жөніндегі жазбалары, нұсқаулары, шешімдері және жоғарғы органдарға жолдаған есептері, «Союзхлеб», «Заготзерно» тәрізді одақтық мекемелердің Қазақстандағы бөлімдерінің астық дайындауға байланысты ұйымдастыру жұмыстарының құжаттары жинақталған. Мемлекеттік органдардың және мекемелердің шаруалардан, астық және т. б. ауыл шаруашылығы шикізаттарын, өнімдерін өндіріп алуда қандай күштеу механизмдерін іске қосқанын архив құжаттары дәлелдейді.

Жоғарыда келтірілген архив құжаттары негізінде ХХ ғасырдың 20–30-жж. Қазақстанда орын алған алапат ашаршылықтың басты себептері ғылыми тұрғыда жан-жақты зерттеледі. Қазақ халқының зұлматты жылдардағы тарихын сипаттайтын архив құжаттары бүгінгі таңда құпиясыздандырылып, архивтердің ашық қорлары қатарына қосылды.

*Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі:*

1. АП РК. Ф.141. Оп.1 Д.5. Л.1.



2. Очерки Коммунистической партии Казахстана. – Алма-Ата, 1984. – С.162
3. АП РК. Ф.141. Оп.1. Д.453. Л.12, 16–18, 27–32, 60, 61. Оп.18. Д.6. Л.1–6, 68–70.
4. Архив Президента Республики Казахстан. Путеводитель. – Алматы: 2016. – С.69–73.
5. АП РК. Ф.141. Оп.1. Д.8075. Л.172, 172 об.

Дүйсенова Г.Н., Өзбеков Ж.Қ.

### **Қағаз негіздегі құжаттардың физикалық жай-күйін анықтау<sup>1\*</sup>**

Ұлттық архив қорын сақтаушы ретінде архивтердің ең күрделі мәселелерінің бірі адамзат қолымен жасалған мәдени-тарихи құндылықтарды жинақтау, сақтау және оны заманауи қоғамның біртұтас ақпараттық кеңістігіне енгізу болып табылады.

ҚР Президенті Архивінің Архив қорларын сақтауды қамтамасыз ету және мемлекеттік есепке алу басқармасы құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында олардың физикалық жай-күйін анықтау жұмысын жоспарлы түрде жүргізеді.

Құжаттардың сақталуын қамтамасыз етудің негізгі міндеті – құжаттарды материалдық объект ретінде сақтау. Ал құжаттарды тиімді сақтаудың негізгі міндеті – құжаттарды зақымдайтын факторларды мүмкіндігінше төмендету, ескіру жылдамдығын азайту, құжаттардың өміршеңдігін ұзартуды қамтамасыз ету болып табылады.

Архив ісінің тәжірибесі көрсеткендей өңдеу мен қалпына келтіру арқылы сақтап қалуды қажет ететін құжаттар уақыт өткен сайын көбейе түседі. Себебі, құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету мүмкіндігіне қарағанда олардың зақымдануына әкеліп соқтыратын факторлар да барған сайын артып келеді.

Құжаттарды зақымдайтын бірнеше факторлар бар. Олар: жарық, температура мен ауаның ылғалдылығы, биологиялық зиянкестер, механикалық зақымдану және т. б.

Құжаттың бүлінуіне әкеліп соғатын факторлардың бірі – жарық. Күннің көзі тікелей түскен жағдайда құжаттағы мәтіндер 50–200 сағаттың ішінде ағарып, өшіп кетеді. Құжаттарды қараңғы жерде сақтау арқылы жарықтың әсерінен болатын қауіпті азайтуға болады.

Температура мен ылғалдылықтың да құжаттың сақталуына әсері бар. Архив қоймасындағы температураның 10 градусқа күрт жоғарылауы құжаттың ескіруін 2–3 есеге дейін жылдамдатады.

Құжатты қараңғыда сақтау кезінде ауа ылғалдылығының алатын орны ерекше. Жаз уақытындағы ауа ылғалдылығының көбеюінің

<sup>1\*</sup> Определение физического состояния документов на бумажной основе.

нәтижесінде түрлі-түсті сиямен жазылған қолжазбалар мәтінінің көмескіленуі 10–15 есеге дейін артуы мүмкін.

Сонымен бірге, архив құжаттарын биологиялық зиянкестер мен зең саңырауқұлақтары да зақымдайды. Ауаның ылғалдылығы 65–68%-ға жеткенде зең саңырауқұлақтары пайда болып, көбейе бастайды. Зең саңырауқұлақтарының өсуі ауаның ылғалдылығы 70–75%-ға жеткенде 120–150 күнге, 85–100 %-ға көтерілгенде 5–30 күнге дейін жылдамдайды. Архив қоймаларындағы температуралық-ылғалдылық режимін сақтау және ауаның еркін алмасуын қамтамасыз ету арқылы бұл жағдайдың алдын алуға болады. Сондай-ақ, биологиялық зиянкестер мен жәндіктерден сақтану үшін архив ғимараты сауда-саттық, қоғамдық-тұрмыстық орындардан алысырақ жеке орналасқаны дұрыс.

Қағаз негіздегі құжаттардың физикалық жай-күйін бағалау үшін жасалатын ең алғашқы қадам, ол құжаттардың физикалық жай-күйін тексеру, қорлардың жалпы жағдайын, жедел немесе жоспарлы түрде өңдеуді талап ететін нақты зақымданған құжаттарды анықтау.

Құжаттардың уақытынан бұрын тозуына әкелетін факторлардың бірі – құжаттардың механикалық зақымдануы. Бұл жағдай көбінесе ведомстволық сақтау кезінен бастап орын алады. Мемлекеттік архивтердегі құжаттардың физикалық тозуы негізінен бір істің бірнеше рет пайдаланылуынан, тасымалдануынан болады. Сонымен қатар, істердің қораптарға өте тығыз орналасуы, жұмсақ мұқабада тігілген істердің тігінен қойылуы, сырты қапталмаған бумаларда тұруы да олардың физикалық жай-күйіне ықпал етеді.

Қазіргі уақытта құжаттардың бүлінуіне экологиялық орта да өз әсерін тигізуде. Өндіріс орындарынан, автокөліктерден бөлінетін ластанған ауа мен қышқыл газдардың әсерінен қағаздардың қышқылдық деңгейі артып, зақымдануда.

Қағаз негіздегі құжаттардың ақауы физикалық, химиялық, биологиялық, механикалық зақымдаудан немесе су мен өрттің әсерінен болуы мүмкін.

**Физикалық зақымдану.** Температура, ылғалдылық, жарық, шаң-тозаңның, физикалық ластану мен қоршаған ортаның ластануының нәтижесінен болады. Температура мен ауаның ылғалдылығы күрт өзгергенде құжат дайындалған материал бірден жиырылып немесе ісініп кетеді. Қағаздың беріктік қасиеті әлсіреп, неғұрлым үгітілуге, жыртылуға бейім тұрады. Физикалық зақымданудың жалпы белгісі шаң басу, май дақтарымен, смоламен, жабысқақ ленталармен, тамақ өнімдерімен былғану, таттану, судың әсерінен қағаздың түсінің өзгеріп деформацияға ұшырауы.

**Химиялық зақымдану.** Бұл физикалық зақымданудың жалғасып, молекулярлық деңгейге өтуі болып табылады. Температура мен ауаның ылғалдылығы катализатор рөлін атқарады. Қағаз бен ондағы сияның

бояуы қышқылданып, химиялық реакцияға түседі. Жарықтың әсерінен құжаттың түсі ағарады немесе өзгереді. Кей жағдайда қағаздың түсі сары немесе ақшыл сары түске, содан кейін қоңыр түске ауысады. Егер де құжаттың түсінің өзгеруі, деформацияға ұшырауы, беткі материалының құрғап, үгітілуі байқалса онда құжатты физикалық-химиялық зақымдануға ұшырады деп айтуға болады.

Бұның бәрі құжаттарды сақтаудың температуралық-ылғалдылық және жарық режимінің дұрыс сақталмауы себебінен туындаған қағаз негіздегі құжаттардың мерзімінен бұрын ескіріп, зақымдануы болып табылады.

**Биологиялық зақымдану.** Биологиялық зақымданудың физикалық-химиялық зақымданудан басты ерекшелігі мұнда тірі организмдердің (негізінен микроорганизмдер, жәндіктер мен кемірушілердің) іс-әрекеті басымырақ. Тірі организмдер көбінесе аз уақыттың ішінде басқаларға қарағанда құжаттарды анағұрлым көбірек зақымдайды. Микроорганизмдер бұл материалдарды өздерінің өсіп-өнуінде пайдалана отырып құжат үшін зиянды органикалық қышқылдар бөліп шығарады. Зең саңырауқұлақтары қағазды босаңсытады. Оның іздері қара немесе түрлі-түсті ұнтақ қалдықтарынан, дақтардан, қағаздың босап, сусып тұрғанынан байқалады. Жәндіктер мен зиянкестердің әсерінен құжатта олардың кеміру нәтижесінде қалған іздер, құрттардың қалдықтары қалады.

**Механикалық зақымдануды** парақтың жыртылуынан, сырылуынан, тесілуінен байқай аламыз. Механикалық зақымдану физикалық, химиялық және биологиялық зақымданудың нәтижесінен және құжаттарды тасымалдауда, көшіруде, сканерлеуде, қорлардың орнын ауыстыру кезінде дұрыс пайдаланбағандықтан орын алады.

**Су мен оттан зақымдану** құжат үшін ең қауіпті болып табылады. Су тиген құжаттар қатты бүлінеді және мәтіні шайылып, өше бастайды. Өрттің әсері қағаз түсінің өзгеруінен, қарайған күйенің іздерінен көрінеді.

Құжаттардың физикалық жай-күйін анықтау кезең-кезеңмен жүргізіледі. Онда қорлардың санатына, көлеміне және жалпы жағдайына мән беріледі. ҚР Президентінің Архивінде алдыңғы кезекте құндылығына байланысты бірегей және аса құнды құжаттар, содан кейін санатына қарай I, II, III санаттағы құжаттар қаралады.

Құжаттардың физикалық жай-күйі істерді парактап қарау кезінде анықталады. Бұл алдын-ала жоспарланып істелетін және ұзақ уақыт пен үздіксіз еңбекті талап ететін жұмыс.

Архив қорларын сақтауды қамтамасыз ету және мемлекеттік есепке алу басқармасында құжаттардың физикалық жай-күйін анықтау жұмысы жоспарлы түрде жүргізіледі. Архив жоспарына сәйкес жыл сайын 36000-нан астам парақтың физикалық жай-күйі анықталады.

Құжаттардың физикалық жай-күйін анықтау екі түрлі тәсілмен жүргізіледі:

1) Дәстүрлі – белгілі бір қордағы құжаттардың физикалық жай-күйін бір-бірден толығымен тексеріп шығу. Осы арқылы қордың физикалық жағдайы жөнінде толық ақпарат алынады және ол ұзақ уақытты талап етеді.

